

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**Инклюзия жағдайында 5-9-сыныптардың
жаратылыстану-математикалық бағытындағы оқу пәндерінің
БЖБ және ТЖБ сараланған тапсырмаларын дайындау бойынша
әдістемелік ұсынымдар**

**Методические рекомендации
по составлению дифференцированных заданий СОР и СОЧ
по учебным предметам естественно-математического направления
5-9 классов в условиях инклюзии**

**Нұр-Сұлтан
2020**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2020 жылғы 15 маусымдағы № 6 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 6 от 15 июня 2020 года)

Инклюзия жағдайында 5-9-сыныптардың жаратылыстану-математикалық бағытындағы оқу пәндерінің БЖБ және ТЖБ сараланған тапсырмаларын дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020. – 144 б.

Методические рекомендации по составлению дифференцированных заданий СОР и СОЧ по учебным предметам естественно-математического направления 5-9 классов в условиях инклюзии. Методические рекомендации – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2020. – 144 с.

Әдістемелік құралда мұғалімдерге инклюзия жағдайында негізгі мектеп оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау тәсілдемелері, сондай-ақ білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, 5-9 сыныптардың жаратылыстану-математикалық бағытындағы оқу пәндері бойынша БЖБ мен ТЖБ сараланған тапсырмаларын құрастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар ұсынылады.

Оқу құралы негізгі мектеп мұғалімдеріне мектеп ортасындағы «барлығына арналған білім» принципін жүзеге асыруда практикалық көмек көрсетуі тиіс.

Әдістемелік ұсынымдар негізгі мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, білім беру бөлімдері мен басқармаларының мамандарына арналған.

В методическом пособии учителям предлагаются подходы к оцениванию учебных достижений обучающихся основной школы в условиях инклюзии, а также методические рекомендации по составлению дифференцированных заданий СОР и СОЧ по учебным предметам естественно-математического направления 5-9 классов с учетом особых образовательных потребностей и индивидуальных возможностей обучающихся.

Пособие должно оказать практическую помощь учителям основной школы в реализации принципа «образование для всех» в школьной среде.

Методические рекомендации предназначены учителям основной школы, методистам, специалистам отделов и управлений образования.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2020
Национальная академия
образования им. И. Алтынсарина, 2020

Кіріспе

Инклюзивті білім беру әртүрлі бастапқы мүмкіндіктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл процестер қазіргі заманғы білім беру ұйымдарында білім беру процесін дамытуға да, оның қатысушылары арасындағы қарым-қатынасты едәуір дәрежеде өзгерте отырып, күшті әсер етеді.

2019 жылғы 02 қыркүйектегі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында басты міндеттерді атап өтті: «Біз ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін тең мүмкіндіктер жасауға міндеттіміз» [1].

Демек, осы маңызды міндеттерді жүзеге асыру үшін дидактикалық материалдар мен әдістемелік құралдарды ғылыми-әдістемелік қолдаудың және әзірлеудің өзекті қажеттілігі анықталады [2].

ЕБҚ бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін және көмек көрсету технологиясын ұйымдастыру, олардың құқықтары мен ерекшеліктерін құрметтеу негізінде білім беру процесінің барлық қатысушыларының қарым-қатынасын құруға мүмкіндік береді. Аталған процестердің жиынтығы білім беруді ізгілендіруді одан әрі дамытуды және жаңа үлгідегі кәсіби педагогикалық қоғамдастықты қалыптастыруды қамтамасыз етуге арналған.

Инклюзивті білім беру оқытудың жоғары стандарттары әрбір білім алушыға қолжетімді болатындай жүзеге асырылуы тиіс. Инклюзивті білім беру жүйесіне қатысты бірде бір халықаралық құжатта ұлттық білім беру стандарттарын төмендету бойынша ұсынымдардың жоқ екенін атап өту қажет. Инклюзия тиімді жаңа форма, ол кез келген адамға өзінің әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беретін жоғары білім беру ретінде қарастырылады.

Бұл өз кезегінде үлкен дайындық жұмыстарын өткізуді және әлемдік тәжірибенің жетістіктерін пайдалануды, сондай-ақ ұлттық ерекшеліктер мен дәстүрлердің даму деңгейлерін есепке алуды білдіреді. Инклюзивті білім беруді құқық ретінде қарастыра отырып, білім берудің қоғамның барлық салаларында ерекше қажеттілігі бар тұлғаларды қоғамға қосудың анағұрлым кең көлемдегі процесінің маңызды шарты болып табылатындығын ескеру қажет [3, 5 б.].

Жаңартылған білім беру мазмұнының оқу бағдарламаларын енгізу әрбір баланы оқытуда жеке қажеттіліктерді тануға және осы қажеттіліктерді қанағаттандыру тәсілдерін анықтауға ықпал етуі тиіс.

Алайда инклюзивті білім беруді дамытуды зерделеу қазіргі кезеңде жалпы білім беретін мектептердің педагогтері мен инклюзивті тәсілдемелерді жүзеге асыруға қолдау көрсету мамандарының жеткіліксіз кәсіби даярлығын көрсетеді. ЕБҚ бар балаларды оқытуды дараландыру тәсілдемелерін түсінуде және жүзеге асыруда арнайы педагогика, педагогикалық психология саласындағы мамандар тарапынан кешенді әдістемелік көмекті қажет етеді. Ең маңыздысы, жалпы білім беретін мектеп педагогтері әртүрлі балалармен жұмыс істеуді және педагогикалық тәсілдемелерінде әралуандылықты ескеруді үйрену керек.

Практиктердің негізгі «қалай?» деген сұрағына қазіргі жағдайда білікті жауап жоқ. Бірақ педагогикалық ізденіс, жаңашыл батылдық, ынтымақтастық арқылы ақпараттандырушы мұғалімнен қазіргі заманғы кәсіби құзыреттілікке ие ұйымдастырушы мұғалімге, әзірлеуші мұғалімге ауысуға болатындығы анық [2, 5 б.].

Еліміздің білім беру ұйымдарын әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен білім берудің жаңартылған мазмұны аясында бірқатар әдістемелік құралдар әзірленді, оның ішінде «Жиынтық бағалау бойынша негізгі орта мектепке арналған тапсырмалар жинағын» атауға болады. Оқу құралы бөлім немесе тоқсан бойынша қорытынды тапсырманы дайындау кезінде мұғалімге әдістемелік көмек көрсету үшін әзірленген. Жинақта жиынтық бағалаудың ерекшеліктері мен принциптері туралы ақпарат, сондай-ақ негізгі мектеп үшін стандартты оқу жоспарлары мен бағдарламалары негізінде әзірленген тапсырмалар берілген.

Бұл оқу құралының мақсаты – жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне негізгі мектеп пәндері бойынша ЕБҚ бар білім алушыларға арналған БЖБ және ТЖБ сараланған тапсырмаларын әзірлеу арқылы саралау және дараландыру принциптерін іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар ұсыну.

Ұсынымдар мектеп ортасында «барлығына арналған білім» принципін жүзеге асыруда білім беру ұйымының әкімшілігі мен педагогикалық ұжымына табысты практикалық көмек көрсетуге бағытталған.

1 ИНКЛЮЗИЯ ЖАҒДАЙЫНДА 5-9-СЫНЫПТАРДА ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-МАТЕМАТИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Инклюзивті білім беру тәжірибесін дамыту үшін жүйелі өзгерістер қажет, алайда оларды қысқа мерзімдерде жүзеге асыру мүмкін емес. Бұл ретте олардың ішіндегі ең күрделісі – мұғалімнің психологиясынан бастап, барлық жүйе қызметінің әлеуметтік-экономикалық қағидаларымен аяқталатын адамдардың кәсіби ойлау мен санасындағы өзгерістер. Инклюзивті білім беруге көшудегі басты мәселе – мектептердің өзгерістерге дайындығы.

Тәжірибе көрсеткендей, инклюзивті білім беруді енгізу ұйымдастырушылық, оның ішінде «кедергісіз ортаны» ұйымдастыру мәселелерімен қақтығысып қоймайды, бірінші кезекте әлеуметтік сипаттағы мәселелермен түйіседі. Оларға кеңінен таралған таптаурындар мен ескішілдік, мұғалімдердің, балалардың және олардың ата-аналарының білім берудің жаңа қағидастарын қабылдауға дайын болуы немесе бас тартуы, еліміздің білім беру ұйымдарында инклюзивтік практика тәжірибесіне қатысты жүйелі, кешенді, психологиялық-педагогикалық білімдер мен технологиялардың және арнайы мониторингтік зерттеулердің жеткіліксіздігі жатады [2, 4 б.].

Мектептің инклюзивті білім берудің негізі – психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ерекше қажеттіліктерін анықтай алатын және балалардың жеке мүмкіндіктерін анықтай алатын мұғалімдері мен қатысушылары; кеңес алуға қайда жүгіну туралы ақпаратқа ие отбасылар; қолжетімді және түсінікті оқу материалдары мен тапсырмалары; білім алушылардың ерекше қажеттіліктеріне бейімделген икемді оқу жоспары мен оқу бағдарламалары.

Әрбір білім беру деңгейінде ЕБҚ бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау белгілі бір басым міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылады. Мектептің 5-9 сынып деңгейі үшін бұл білім алушыға негізгі мектепке өту кезінде қолдау көрсету, оқытудың жаңа жағдайларына бейімделу, тұлғалық және құндылық-мағыналық өзін-өзі анықтау және өзін-өзі дамыту міндеттерін шешуде қолдау көрсету, тұлғалық мәселелер мен әлеуметтендіру мәселелерін шешуде көмек көрсету, өмірлік дағдыларды қалыптастыру, невроздардың алдын алу, ата-аналармен және құрдастарымен конструктивті қарым-қатынасты құруда көмек көрсету.

Білім берудің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқудағы оң мотивациясы мен іскерлігін: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған [2, 30 б.].

Жаратылыстану-математикалық білім беру саласының мазмұны негізгі мектепте «Математика», «Алгебра», «Геометрия», «Информатика», «Жаратылыстану», «Биология», «Физика», «География», «Химия» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны математика мен информатиканың әлемдегі рөлін айқындау және түсіну қабілетін қалыптастыруды; математиканы ғылымның әмбебап тілі, құбылыстар мен процестерді модельдеудің құралы ретінде түсінуді; математика мен информатиканы оқыту кезінде орта білім беру деңгейлеріндегі сабақтастықты, пәнаралық және пәнішілік байланыстарды; жалпы орта білім беру деңгейінде оқуды жалғастыруға және сабақтас пәндерді оқуға, оларды күнделікті өмірде пайдалануға қажетті базалық математикалық білім мен біліктерді меңгеруді; бағдарламалау технологиясының және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың теориялық негіздері бойынша базалық білім жүйесін, информатиканы және басқа да пәндерді оқу кезінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып шынайы объектілер мен процестердің модельдерін қолдану және түрлендіру біліктерін меңгеруді; функционалдық сауаттылықты, логикалық, алгоритмдік және операциялық ойлауды, кеңістікті елестетуді, математика мен информатиканың түрлі тілдерін (сөздік, символдық, талдамалық, графикалық) пайдалану қабілеттерін, әртүрлі нысанда берілген ақпаратты қабылдау және сын тұрғысынан талдауды дамытуды қамтамасыз етеді.

«Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану», «Биология», «Физика», «География», «Химия» оқу пәндерін қамтиды және функционалдық білім мен біліктерді, жоспарлау, талдау және өңдеу, түсіндіру, жүйелеу, алгоритм бойынша жұмыс, зерттеу, практикалық-эксперименттік дағдыларды жетілдіру, қорытындыларды бағалау және тұжырымдау дағдыларын қалыптастыруды; әлемнің қазіргі жаратылыстану көрінісінің негізінде жатқан іргелі ұғымдарды, заңдылықтарды, теориялар мен қағидаттарды, табиғатты ғылыми тану әдістерін, табиғатты, экономиканы және қоғамды кешенді зерттеу негізінде адамзаттың ғаламдық және жергілікті проблемаларын түсінуді тереңдетуді; экологиялық мәдениетті, ғылыми, жобалық және кеңістіктік ойлауды дамытуды; патриоттық сезімдерді, қоршаған ортаға деген жауапкершілікті және ұқыпты қарауды тәрбиелеуді; білім алушыларды жаратылыстану ғылымдары бағытында кәсіби бағдарлауды іске асыруды қамтамасыз етеді [4].

Инклюзивті практиканы іске асыратын мұғалім іс-әрекетінің ең күрделі бағыттарының бірі – белгілі бір немесе өзге пәнді оқыту аясындағы оқу бағдарламаларын бейімдеу болып табылады. ЕБҚ бар балаларға арналған бағдарламаларды бейімдеу қажеттілігімен байланысты негізгі міндеттер:

- баланың даму ерекшеліктері салдарынан туындаған қиындықтарды компенсациялау;
- оқытудың ұйымдастырылуы мен мазмұнына байланысты қауіп-қатерлерді азайту;
- баланың социумда дамуы мен бейімделу қажеттіліктерін іске асыру.

Көптеген авторлардың зерттеулерінде, оқу бағдарламасының бейімделуі мұғалім іс-әрекетінің келесі бағыттарын қамтиды:

- мазмұнды талдау және таңдап алу;

- құрылымды және уақыт бойынша шектеулерді өзгерту;
- оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың жеке немесе өзге де формаларын пайдалану;

- жеке немесе өзге де технологиялық амалдарды пайдалану;

- жеке немесе өзге де дидактикалық материалдарды пайдалану [3, 50 б.].

Осылайша, инклюзивті практиканы іске асыратын мұғалім қызметінің мақсаты – инклюзивті ортада оқитын *әрбір баланың* әлеуетін дамыту үшін оңтайлы жағдай жасау. Осы мақсатқа жету үшін мұғалім өзінің педагогикалық қызметінде ерекше кәсіби міндеттерді қойып, шешеді.

Тереңірек қарастыру негізінде келесі міндеттерді ерекшелеуге болады:

1. сыныптағы арнайы білім беру жағдайларын жасау қажеттілігі бар білім алушыларды анықтау;

2. есту, көру, тірек-қимыл жүйесі, мінез-құлқы бұзушылықтары бар балалар болуы мүмкін сыныпта нақты білім алушыларының қажеттіліктеріне байланысты қолжетімді ортаны ұйымдастыру. Мысалы, арбаның жүруіне арналған кеңістікті ұйымдастыру; қаламдар мен қарындаштар, дәптерлер үшін қажетті құрал-саймандары бар жұмыс орны; сыныпта дұрыс жарықтандыру; үлкейтетін құралдардың болуы; релаксация және т.б. аймақты ұйымдастыру.

3. Сыныпта эмоционалдық жайлылық атмосферасын құру, ынтымақтастық рухында өзара қарым-қатынасты қалыптастыру және әр баланың ерекшеліктерін қабылдау.

4. Оқу жұмысын ұйымдастырудың заманауи технологияларын, әдістерін, тәсілдерін, формаларын меңгеру, сондай-ақ оларды білім алушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес барабар қолдану.

5. Оқу бағдарламаларын, дидактикалық материалдарды бейімдеу (мысалы, күрделілігі әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды, ірі шрифтті бар жұмыс дәптерлерін, тақырыпты көрнекі бейнелейтін плакаттарды немесе презентацияларды). Балалардың оқу жетістіктерін, оқу және оқудан тыс қызмет өнімдерін бағалау тәсілдерін меңгеру және қолдану.

6. Ата-аналармен ынтымақтастық және жауапкершілікті бөлу рухында өзара іс-әрекетті ұйымдастыру.

Жоғарыда сипатталған міндеттер мұғалімнің инклюзивті ортада жұмысы ерекше екендігін және жаңа кәсіби шеберлікті меңгеруді талап ететінін көрсетеді.

Егер сабаққа дайындалу кезінде, сыныптан тыс іс-шараны ұйымдастыру кезінде сыныптағы әрбір білім алушының когнитивті, коммуникативтік, мінез-құлық ерекшеліктері, материал меңгерудегі жеке стилі, ерекше қажеттіліктері ескере отырып талданса, мұғалімнің жұмысы тиімді болады.

ЕБҚ бар білім алушы үшін жеке білім беру бағытын жобалау және іске асыру – инклюзивті сыныптағы бір мұғалім үшін жеткілікті күрделі міндет [3, 52 б.].

Бұл жұмысқа психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарын – психолог, арнайы педагог, әлеуметтік педагог, басқа да педагогтерді – әріптестерді, сынып жетекшілерін және ең маңыздысы – ата-

аналарды тарту қойылған мақсатқа жету үшін қажет болып табылады. Мектеп әкімшілігін қолдау, инновациялық қызмет үшін жағдай жасау – мұғалімнің тағы бір ресурсы. Инклюзивті мәдениетті қалыптастыру, инклюзивтік саясатты қалыптастыру бойынша мектеп әкімшілігінің мақсатты жұмысы кезінде ғана педагог іске асыратын инклюзивтік практика жүзеге асуы мүмкін [3, 65 б.].

Елдегі білім беруді жаңғыртудың белгіленген бағытын ұстана отырып, білім берудің жаңартылған мазмұнының оқу бағдарламаларының ерекшеліктері келесідей болып табылады:

- Құндылық-бағдарлық оқыту;
- Оқу мақсаттары арқылы күтілетін нәтижелерге бағытталуы;
- Спиральдік принципі бойынша оқыту мақсаттарын құру;
- Тәжірибелік бағытылық және өмірмен байланыс;
- Пәнаралық және пәнішілік интеграция;
- Үш тілді білім беру;
- Критериалды бағалау жүйесі;
- Белсенді оқытудың әдістері мен тәсілдерін қолдану.

Қазіргі мектептің мақсаты: білім алушылардың білім жүйесін және әлемнің тұтас көрінісін, өмір бойы білім алуға дайындығын, өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі тәрбиелеуді қалыптастыру, даралық пен шығармашылық қабілеттерін дамыту, әлеуметтендіру және рухани-адамгершілік тәрбие беру, Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Мақсатқа сәйкес орта білім берудің барлық деңгейлерінің міндеттері кеңейтілді (1-кесте).

1 – кесте. Орта білім беру деңгейлерінің міндеттері

<i>Бастауыш мектеп</i>	<ul style="list-style-type: none"> - пәндік салалар бойынша бастапқы білім; - зерттеу қызметінің бастапқы дағдылары; - қоршаған әлемді тұтас ғылыми тануды қалыптастыруға арналған алғышарттар; - оқу дербестігі; - қарым-қатынас дағдылары және ынтымақтастық 	<i>Сыни және шығармашылық ойлауды қалыптастыру</i>	<i>Үш тілді меңгеру</i>	<i>Әлеуметтік дағдыларды меңгеру</i>
------------------------	---	--	-------------------------	--------------------------------------

1 – кесте жалғасы

<i>Негізгі мектеп</i>	- базалық білімді аяқтау; - әлемді ғылыми тану негіздерін қалыптастыру; - бейіналды оқыту;			
<i>Жоғары мектеп</i>	- бейіндік оқыту; - ЖОО-да оқуға дайындау; - одан арғы өмірлік жолдарын айқындау			

Жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұндық ерекшеліктері және олардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды қолдау бойынша мүмкіндіктері

1. Пән мазмұнын жоспарлау кезіндегі шиыршық принципі. ЕБҚ бар балаларды оқыту үшін бұл принцип өте өзекті, өйткені ол арнайы білім берудің негізіне салынған (шоғырландырып оқыту принципі: **шоғырландыру** – бағдарламаның сол және бір тарауын оқуды жобалайды, бірақ әртүрлі көлемде, әртүрлі тереңдету мен күрделілік дәрежесінде, әртүрлі оқыту кезеңдерінде).

2. Пәндік операциялардың неғұрлым маңызды түрлері бойынша тану және жіктелуші заңдылықтарға негізделген Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы. Мұғалім оқушының мүмкіндігін біле отырып, таксономия бойынша оның деңгейін анықтайды және келесі кезеңге жеткізуге ұмтылады. Мысалы, психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған жоғары деңгей – бұл *талдау* элементі, жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылар үшін – *түсіну және қолдану* деңгейі.

3. Бір білім беру саласы ішіндегі пәндер арасындағы әрі пәнаралық байланыстарды іске асыру кезіндегі «ортақ тақырыптардың» болуы. ЕБҚ бар білім алушылар үшін бұл кезең әсіресе өзекті, өйткені білім алушылар бір тақырыпқа шоғырланады және егер бір сабақта бір нәрсені түсінбей қалса, онда оны келесі сабақта орындауға болады. Бірте-бірте сөздік қор бекітіледі және жандандырылады. Әртүрлі нұсқаларды көп рет қайталау принципі жұмыс істейді.

4. Ұзақмерзімді, ортамерзімді және қысқамерзімді жоспарларды пайдалану арқылы оқу процесін ұйымдастыру. ЕБҚ бар білім алушылар үшін мұғалімнің оның психофизикалық мүмкіндіктерін үш рет қайта қарауға, жоспардағы жеке маршрутты іске асыруға мүмкіндік береді.

5. Оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, білім алушылардың адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру. ЕБҚ бар білім алушылар үшін тәрбие мен даму ажырамайтын бір процесс болып табылады.

6. Білім деңгейлері бойынша және барлық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсатты тұжырымдау, бұл барынша пәнішілік байланысты есепке алуға мүмкіндік береді. Бұл барлық білім алушылардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін ескере отырып, олардың даму динамикасын бақылауға мүмкіндік береді.

7. Уақыт талабына қарай мазмұнның және ұсынылған тақырыптардың сәйкестігі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға мән беру. ЕБҚ бар білім алушы үшін әлеуметтену олардың оқуы мен дамуы үшін негізгі жағдай болып табылады.

8. Оқытудағы жүйелі-әрекеттік тәсіл (білім алушыны таным процесіне белсенді қосу). Бұл ЕБҚ бар баланы барынша топтық жұмысқа қосу, онда бірлескен әрекеттің барысында өзінің жас ерекшелігі тобының деңгейінде ол құрдасынан оған түсінікті тілмен қажетті нұсқауларды ала алады.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту үшін жаңартылған білім беру мазмұнын іске асыруда төменде аталғандар үлкен қолдау көрсетеді:

- *коммуникативтік құзыреттілік (тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым)*. Оқу мақсаттары бойынша бағдарлама құрастыру – бұл *тыңдалым, айтылым* (бұрын болмаған және ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балалар үшін өте өзекті), оқылым мен жазылым, негізгі тілдік дағдыларды қамтиды, дәйекті және тиімді түрде негізгі мақсаттарға қол жеткізуге алып келеді: белсенді оқыту стратегияларын дұрыс пайдалану арқылы мектеп білім алушыларын *коммуникативтік құзыреттілікке* алып келеді, яғни әртүрлі мақсаттар, түрлі мәнмәтін және әртүрлі аудитория үшін тілді пайдалану, сөздік қорға және басқа да шектеулерге қарамастан коммуникацияны пайдалана білу;

- *«шиыршық оқыту»*. Оқу жылы бойынша тақырыптар қайта қарастырылады, олардың күрделілік деңгейі бірте-бірте ұлғаяды, бұл материалды барынша тереңірек оқуға мүмкіндік береді;

- *саралау тәсілдемесі*. Саралау тәсілдемесі барлық балаларды оқытуға мүмкіндік беретінін сенімділікпен айтуға болады. Әр білім алушының оқу мақсаттарына жету мүмкіндіктері бар. Үлгерімі төмен оқушылар болмайды, қиындықтар оқытудың шиыршық үлгісі негізінде шешілетін болады, осыған сәйкес көп нарсе сөзсіз мұғалімнің құзыреттілігіне байланысты. Жаңа бағдарламаларда енгізілген саралау мен пәнаралық байланыс инклюзивті білім берудің өзекті мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы психологиялық-педагогикалық тенденцияларға сәйкес саралап оқыту білім процесінің гуманистік бағдарлану принципіне негізделген тұлғалық-бағдарлану тәсілінің идеяларын көрсететін өнімді педагогикалық технологиялардың бірі болып табылады.

Дифференциалды оқыту процесінде арнайы педагогикада дәстүрлі қолданылатын және әрбір білім алушының жеке психофизикалық, тұлғалық ерекшеліктерін, белгілі бір дағдылардың қалыптасу деңгейін есепке алуды болжайтын маңызды педагогикалық қағида ретінде жеке көзқарас жүзеге асырылады. Білім алушылардың осы бағдарламаларда айқындалған дағдылар мен машықтарды меңгеруі мектепте оқудың басында олардың сөйлеу даму деңгейіне, әрбір білім алушының психофизикалық ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі қарқынмен өтеді деп көзделеді.

Әрбір жағдайды сыныпта ЕБҚ бар бала білім алатын жағдай тұрғысынан қарай отырып, оның ерекше білім берілуіне қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін

нақты түсіну қажет. Тиісінше, білім алушы орындай алатын әрекеттер бағаланатынын түсіну қажет.

Тәсілдерді қолдану, бағалау рәсімін жүргізу бағалау қағидаттарын түсінбей мүмкін емес. Бағалау рәсімін ұйымдастыру үшін кәсіби жауапкершілікті жақсы түсіну және орындау маңызды. Бағалау қағидаттарын қабылдау және сақтау педагогтер оларды зерделеп, өз тәжірибесінде қолданатын кезде пәрменді мәнге ие болады. С.С. Мирсеитованың ғылыми тәжірибесіне жүгінсек, онда оның көптеген жарияланымдарында бағалау принциптері егжей-тегжейлі сипатталған, түсініктемелер берілген және практикалық тәжірибелерден мысалдар келтірілген [5].

Бағалау принциптері.

Автор сұрақ қояды: «Сіз осы немесе басқа тест (бағалау тапсырмалары) тиімді екенін қайдан білесіз?». Жауап ретінде ғалым тесттің қалыптасуына зор үлес қосқан әлемдегі кез-келген тесттің деңгейін анықтайтын бірнеше маңызды принциптерге сипаттама береді.

1. Тиімділік

Аталған қағиданың сипаттамасы:

- бюджеттен аспайды;
- белгілі бір уақыт аралығында өткізіледі;
- басқару үшін ыңғайлы және қарапайым;
- жергілікті шарттарға сәйкес келетін және көп уақыт алмайтын критериялды тәртіпті сақтайды (балл/баға).

Басқаша айтқанда, тесттер (бағалау тапсырмалары) шығынды болмау керек, ұзақ уақытқа есептелуі қажет (5 сағат және одан да көп) және компьютер жеткіліксіз болған жағдайда компьютерлік тексеруді қоюдың қажеті жоқ.

2. Шынайылық.

Егер сіз бір білім алушыға бірдей тест, бірдей мәтін немесе бағалау тапсырмасын ұсынатын болсаңыз онда оның нәтижелері де бірдей болуы керек.

Бұл жағдайда төмендегі факторларды ескеру қажет:

- білім алушы тарапынан қарым-қатынас – бұл уақытша әлсіздікті ескеру, «сәтсіз күн», яғни бір сөзбен айтқанда кез-келген физикалық және психологиялық факторлар нәтижеге әсер ететіндігін ескеру қажет.

- бағалаушы тарапынан шынайы қарым-қатынас, субъективті және алдынала болжау санау процесіне әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар критерийге көңіл бөлмеу, тәжірибенің жетіспеуі және ұқыпсыздық орын алуы мүмкін. Егер мұғалім 40 білім алушының жауаптарын тексерсе, онда алғашқы және соңғы бірнеше тесттерге келесілер ықпал етеді: басында – критерийді түсіну, ал соңында – шаршағандық және зейінсіздік;

- бағалау жұмыстарын өткізудің шарттарын түсіндіретін әкімшіліктің шынайы қарым-қатынасы. Мысалы, терезенің ар жағындағы айқай, тиімсіз жарық немесе парта мен тақтаның дұрыс орналаспауы бағалау нәтижесіне әсер етуі мүмкін.

- тесттің/бағалау тапсырмасының шынайылығы – құрастыру барысында дәрекі қателердің болуы. Егер тест ұзақ уақыт болса, онда білім алушы соңына

қарай шаршай бастайды, сондықтан да тест жауаптарында шынайылық болмайды. Егер аз уақыт берілсе, бұл жағдайда кейбір білім алушылар, материалды білмеген жағдайдың өзінде, сағатқа қарап, жинақталмай, асығуы мүмкін.

3. *Валидтілік (негізділік).*

Валидтілікті анықтау өте күрделі, сондықтан да оны сипаттау үшін бірнеше мысалдар келтірейік:

- мазмұнға байланысты куәлік – мектеп жағдайында мұғалім валидтілік дегенде мазмұнды түсінеді. Мысал ретінде ҰБТ-ны келтіруге болады, тарих бойынша білім тексерілгенде дата сұралады, тіл бойынша грамматикадан білім деңгейі тексеріледі, ал түптеп келгенде тарих пен тіл секілді пәндерге көптеген міндеттер қойылады;

- критерийлерге қатысты куәлік – сыныпта жасалатын сынақ/бағалау тапсырмаларының көпшілігі осы жағдайға сәйкес келуі мүмкін. Бұл тесттерде/бағалау тапсырмаларында сыныптың спецификалық міндеттері өлшенеді;

- құрылымдарға қатысты куәлік – бақылауға алынған феноменді түсіндіретін кез-келген теория, болжам мен модель. Құрылым тіке жолмен өлшенбейді және қосымша фактілерді іздестіруді талап етеді. Мысалы, алға жылжу және коммуникативті құзыреттілік – лингвистикалық құрылым; өзін-өзі құрметтеу және ынталандыру – психологиялық құрылым;

- туындайтын валидтілік – тесттің барлық мүмкіндіктерін/бағалау тапсырмаларын, өлшеу дәлдігін, тест тапсырушыларға әсер етуді, сонымен қатар арнайы әлеуметтік жағдайларды қамтиды. Әлеуметтік жағдайлар мынадай жағдайда қарастырылады, мысалы, ауқатты отбасылары репетитордың көмегіне жүгінеді, білімді ата-аналар тиімді көмек көрсете алады және т.б.

- дербес валидтілік – оқытуды жақсарту үшін білім алушылар өздерінің бағаларын қаншалықты әділ, орынды және пайдалы санайтынын ескереді. Басқа сөзбен айтқанда бұл валидтілікке белгілі бір уақыт аралығына сыятын жақсы құрастырылған тест/бағалау тапсырмалары (тапсырмалар форматы); тапсырманы түсінікті және дұрыс баяндау; тапсырмалардың оқу курсымен байланысты болуы (мазмұндық нақтылық) ауырлық деңгейі т.б.кіреді.

4. *Түпнұсқалылық*

Тест/бағалау тапсырмалары түсінікті тілде болуы қажет. Бұл принцип мына тәртіпті негізге алады:

- тіл барынша шынайы болуы керек;
- тапсырмалар оқшауланбауы қажет, мәтін түсінікті болуы керек;
- тақырыптардың мағынасы болуы тиіс (шынайы және қызықты);
- тапсырмалар тақырыпқа сәйкес әңгіме немесе эпизод арқылы беріледі;
- тапсырмалар мүмкіндігінше шынайы әлемнің көрінісін ұсынады.

5. *Кері байланыс.* Бұл өткізілген тест арқылы мұғалім мен білім алушының алған нәтижесі: алдағы іс-әрекетті жоспарлау үшін толық ақпарат.

Педагогтердің бағалау критерийлерін, дескрипторларды ойлап табу әрекеттері, қорытынды/балдарды қарапайым жариялау критериалды бағалаудың

шынайы жүзеге асырылуын білдірмейді. Осы процесте бағалау принциптерін қатаң сақтау және есепке алу қажет болып табылады.

ЕБҚ бар балаларды критериалды бағалау үшін тапсырмаларды әзірлеу кезінде педагогтерге жақын даму аймағын және оның білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеру қажет.

«Таксономия» термині – ағылшын тілінен аударғанда «бір нәрсені жіктеудің ғылыми процесін» білдіреді. Б. Блумнан кейін бірқатар шетелдік ғалымдар таным деңгейлерін жіктеудің басқа да балама нұсқаларын әзірлеген болатын, алайда әлемнің көптеген елдерінде Блум ұсынған жүйені ұстанады.

Оның теориясының мәні неде? Білім беру қызметінің барысында адамның бас миында белгілі процестер жүреді, Блум оларды алты жүйелі деңгейге бөледі:

1. Ең төменгі деңгей – БІЛІМ деңгейі, бұл жерде оқыту есте сақтауға, жаттап алуға, тануға, еске түсіруге бағытталған;

2. Келесі деңгей – ТҮСІНІК, мұндағы оқытудың мақсаты – айтып беру, бір жағдайдан екіншісіне аудару, өз сөздерімен жеткізу;

3. ҚОЛДАНУ деңгейіндегі мақсат нәтижелерге жету үшін проблемаларды шешу, ақпаратты қолдану болып табылады;

4. ТАЛДАУ деңгейінде тұтасты көру үшін бөліктерге бөлу, байланыстардың ішкі құрылымын табу, себептерін ажырату;

5. СИНТЕЗ деңгейінде – ауызша формада немесе нақты зат түрінде бірегей, біртума туынды жасау;

6. Ең жоғары деңгей – БАҒАЛАУ деңгейінде бағалау шешімдерін қабылдау, қарама-қарсы немесе әртүрлі көзқарасқа рұқсат беру көзделеді.

Кез келген ақпаратты қабылдау осындай реттілікпен жүреді. Қандай да бір деңгей бұзылған жағдайда, біз материалды толық меңгеру немесе өңдеу туралы айта алмаймыз. Осылайша бөлген кезде алғашқы үш деңгей ойлаудың төменгі деңгейлері, ал кейінгі үшеуі – жоғары деңгейлері болып есептеледі. Жоғары деңгейлер бір-бірімен тығыз байланысты және келесі деңгейдің алғашқы деңгейсіз мәні болмайды.

Алайда көбінесе, «бағалау» «синтездің» алдын келеді, өйткені бағалау мен іріктеудің нәтижесі ретінде жаңа түсінік немесе ұғым құрастырылады. Мүмкін, сондықтан да кейбір ғалымдар қазіргі кезде оны соңғы деңгей ретінде ұсына отырып, «талдау» деңгейінен кейін «бағалау және синтез» деңгейін ұсынады. Сонымен қатар Блумның тұжырым мақұлдай отырып, С.С. Мирсеитова мынадай дәлел ұсынады: кез келген жағдайда, өзіндік түсінікті қалыптастырғаннан кейін, аяқталып қойылған тұтас конструкцияны немесе дизайнды бағалау соңғы деңгей ретінде қарастырылу керек. Сондай-ақ бағалау қосалқы құбылыс ретінде, талдау мен синтез деңгейлерінде сияқты, танымның төмен деңгейлерінде де болады, бірақ жетекші деңгей болып табылмайды.

Сұрақтар тұрғысынан ойлау деңгейлерін қарастыру кезінде педагогтерге практикада қолдану үшін төмендегі 2-кестені ұсынуға болады.

2 – кесте. Таным деңгейлеріне сәйкес сұрақтар жүйесі

Таным деңгейі	Сұрақтар
Білім	Ақпараттық сәйкестендіру және баяндау: Кім, не, қашан, қайда, қалай? суретте.
Түсінік	Фактілер мен идеяларды ұйымдастыру және іріктеу: Өз сөзіңмен айтып бер. басты идеясы қандай?
Қолдану/ қосымша	Фактілерді, қағидаларды, принциптерді пайдалану. Қалайша мысалы? Қалайша ара-қатынасы белгіленеді? Неліктен маңызды болып табылады?
Талдау	Тұтасты бөліктерге бөлу. бөліктері немесе сипаттамалары қандай? сәйкесжікте?атап көрсет/диаграммасын/сызбасын жаса. Қалайша сәйкес келеді/ қайшы келеді?қатысты қандай айғақтар келтіре аласың?
Синтез	Жаңа тұтасты қалыптастыру үшін идеяларды біріктіру.ұсынбау/жасамау үшін?қандай идеялар қоса аласың?- қоссаң, не болуы мүмкін?
Бағалау	Пікірлерді, пайымдауларды және шешімдерді дамыту. Сенкелісесің бе? туралы не ойлайсың? Не едәуір маңызды болып табылады? басымдығы қандай? туралы қалай шешер едің? бағалау үшін сіз қандай критерийлерді пайдаланатын едіңіз?

Бірқатар сабақтар бойы осындай сұрақтарды қатарынан пайдалануды тәжірибеге енгізе отырып, мұғалім өз сұрақтарын құрастырған кезде сенімді бола бастайды [5].

Әртүрлі пән салаларынан сұрақтарға мысалдар келтіреміз:

БІЛІМ

- *Ұлы Отан соғысы қашан басталды?*
- *Бастауыш деген не?*
- *Жай бөлшектер қалай жазылады?*
- *Мысырдың астанасы қай қала?*

ТҮСІНУ

- 1) Түсіндіру: *X пен Y арасындағы айырмашылық қандай?*

- *Батыс және Шығыс Қазақстанның рельефін салыстырыңдар.*

2) Аудару: *Не түсінгендеріңді өз сөздеріңмен түсіндіріңдер;*

- *зерттеулеріңді кесте түрінде көрсетіңдер және қысқаша мазмұнын айтыңдар;*

- *Сюжетін өз сөздеріңмен айтып беріңдер.*

3) Мысалдар: *Тақырып (анықтама) бойынша мысалдар келтіріңдер.*

4) Анықтау: *проблеманың 3 сынып оқушысы үшін түсінікті анықтамасын беріңдер;*

- *Осы терминді өз сөздеріңмен түсіндіріңдер.*

ҚОЛДАНУ

Білім алушылардың әдебиет сабақтарынан алған метафора және салыстыру (есте сақтау) туралы түсініктері бар, оқушылар олардың айырмашылықтарын да (түсінік) біледі. Енді олар осы мәліметтерді қолдануы және Абайдың «Қыс» өлеңі бойынша қандай бейнелерді құрастыратынын анықтауы (әңгімелеуі) тиіс («Қалай қолдануға болады? Өзің жасап көр. Сендер нені білгілерің келеді? Кесте жасаңдар» тапсырмаларына сәйкес келеді).

ТАЛДАУ

1) Мәнін анықтау:

- *Әңгіме сюжеті элементтерінің айырмашылықтарын келтіріңдер;*

- *Теореманың екі бөлігін салыстырыңдар.*

2) Сөздің астарын анықтау:

- *Зейнетақы реформасының мәні неде?*

- *«Өз Отаныңда пайғамдар жоқ» деген мәтелдің мәнін сендер қалай түсінесіңдер?*

3) Мотивация:

- *Қазақстанда климаттың өзгеру себептері қандай?*

- *Неліктен біздің планетада климаттың өзгеруі орын алуда?*

СИНТЕЗ

1) Шығармашылық жанрлар – *эссе, шығарма, өлең, баяндама, сөз сөйлеу, сценарий, жоба, компьютерлік бағдарлама әзірлеу.*

2) Тақырып бойынша білім жинақтау және нақтылау, бір жүйеге келтіру, жоспарын немесе сызбасын құрастыру (*тәжірибені жоспарлау, нәтижелерін бақылау*).

3) Ғылыми болжам (жорамал) құру және ұсыну.

БАҒАЛАУ

Пікірталас тудыратын сұрақтарды қою арқылы жүзеге асырылады, мысалы: *«Сіздің пікіріңізіше, бұл дұрыс па/дұрыс емес пе, маңызды ма/маңызды емес пе, Сіз «қолдайсыз ба» немесе «қарсысыз ба»?*

Оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларына сәйкес бөлім немесе толассыз тақырыптар аяқталғаннан кейін, мұғалім өткен бағдарламалық материалдың мазмұны мен күрделілік деңгейін ескере отырып, білім алушылардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, өткен бөлім/өтпе тақырып үшін жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыруға шығармашылықпен келеді [6].

Жиынтық бағалау мұғалімдердің білім алушылар мен ата-аналарға оқу бағдарламаларының бөлімдерін/толассыз тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, триместр, оқу жылы, орта білім беру деңгейі) аяқтағаннан кейін білім алушылардың прогресі туралы ақпарат беру үшін балл мен бағалар қою арқылы жүргізіледі, яғни бағалау тақырыптың соңында, семестрдің соңында немесе жарты жылдықтың соңында, жыл аяғында өткізілуі мүмкін. Бұл белгілі бір кезеңде оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтауға және бекітуге мүмкіндік береді.

Бағалаудың осы түрінің мақсаты бөлім/өтпелі тақырып тақырыптары бойынша кемшіліктерді уақытылы анықтау және жою болып табылады. Жиынтық бағалау жазбаша тест, бақылау жұмысы, ауызша әңгімелесу түрінде ұсынылуы мүмкін. Тапсырмалар сурет, басқа да көрнекі құралдар көмегімен немесе аудиожазба арқылы жазбаша түрде жасалуы мүмкін. Мұғалім өз бетінше қандай формада (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, ауызша сұрау, эссе және т.б.) және бөлімде/аралық тақырыпқа жиынтық бағалау қандай сабақта жүргізілетінін анықтайды [7].

Сондай-ақ мұғалімдер өз оқуына шығармашылық әдістерді енгізе алады. Бұл дәстүрлі сауалнама немесе жазбаша есеп шеңберінен шығатын тапсырмаларды жиынтық бағалауға кіріспе:

- білім алушылар үшін оқу бағдарламасымен қамтылған және жас ерекшеліктеріне сәйкес материалды жиынтық бағалау стратегиясы таңдалады;

- білім алушыларды бағалаудың бірқатар әдістерін таңдау және пайдалану әр білім алушыға өз дағдыларын көрсетуге мүмкіндік береді. Мысалы, білім алушының білім деңгейін бағалау тәсілдерінің жиынтығы тестілеу, шағын спектакльдегі бірлескен ойын, көркем бейнелердің өзіндік көрінісін көрсету және т.б. қамтиды [8].

Талаптарға сәйкес жиынтық бағалау тапсырмалары оқыту мақсаттарына, бағалау критерийлеріне және ойлау дағдыларының деңгейіне сәйкес келуі тиіс. Оқыту бөлімдері мен мақсаттарының саны пәнге байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Кейбір пәндер бойынша, ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес, 1-ден 5-ке дейін бөлімдерге бір тоқсан ішінде оқуға ұсынылуы мүмкін. 1 бөлімді зерделеген жағдайда жиынтық бағалау бөлім үшін тоқсанның екінші жартысында 1 рет, тоқсанның соңына дейін кемінде 2 апта бұрын өткізіледі. 4 және одан да көп бөлімдерді оқыған жағдайда мұғалім оқу мақсаттарының санын ескере отырып, бөлімдерді біріктіреді.

Бөлім үшін жиынтық бағалауды орындау уақытын мұғалім қосылған тапсырмаларды және оларды орындауға жұмсалатын орташа уақытты ескере отырып анықтайды. Бөлім/өтпе тақырып үшін жиынтық бағалауды 15-20 минуттан асырмай ұйымдастыру ұсынылады. 15-20 минутқа шектеу шартты және сабақтың бір бөлігін ғана алып жатқан шағын бағалау жұмыстары туралы сөз болып отырғандығын көрсету мақсатында енгізілді. Бөлім үшін соңғы жиынтық жұмысты тоқсан соңына дейін кемінде 1 апта бұрын өткізу жоспарлануда. Жиынтық бағалаудың осы түрінің нәтижесінде білім алушыларға тоқсан бойынша баға қою кезінде ескерілетін балдар қойылады. Жиынтық

бағалау нәтижелері, әдетте, білім алушының жеке өзі, сондай-ақ бүкіл сынып қалай тапсырғанын анықтау үшін маңызды болып табылады [7].

Білім алушылардың оқу жетістіктерін критерий бойынша бағалау процесін ұйымдастыру кезінде білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің психологиялық және педагогикалық ерекшеліктерін ескеру қажет:

- білім алушы білімді, іскерлікті, дағдыларды жетілдіруге және дербес тапсырмаларды орындауда жаңа жетістіктерге ұмтылуға дайын болуы тиіс;
- өз жетістіктерін нақты бағалай білу;
- алдына қойылған міндеттерді түсіне білу;
- білім алушының жеке оқытуды таңдауға және ұйымдастыруға ұмтылуы;
- сабақ барысында оқу-танымдық белсенділікке өздігінен және оқу дайындығына ұмтылу;
- сыныптастарымен қарым-қатынас жасауға ұмтылу;
- құрдастардың білім деңгейін бағалай білу, сондай-ақ өзара бағалауға ұмтылу;
- теориялық және критериалды ойлауды қалыптастыру;
- ақпаратты меңгеру кезіндегі мотивацияның тұрақтылығы;
- бір мақсатқа бағдарлану;
- уәжділік [8].

Бөлімдер/өтпелі тақырыптар бойынша жиынтық бағалауға қойылатын талаптар:

- БЖБ тапсырмаларын мұғалім өзі құрастырады;
- бөлім бойынша оқыту мақсатын қамтиды;
- 15-20 минут ішінде өткізіледі;
- балдар дескрипторға сәйкес қойылады;
- БЖБ нәтижелері бойынша модерация жүргізілмейді;
- төртінші бағаға әсер етеді (50%).

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауға қойылатын талаптар:

- ТЖБ тапсырмаларын мұғалім спецификацияға сәйкес жасауы керек;
- тоқсанның барлық бөлімдері бойынша оқу мақсаттарын қамтиды;
- 1 сабақ ішінде өткізіледі (40 минут);
- бағалау балдары балл қою кестесіне сәйкес қойылады;
- ТЖБ нәтижелері бойынша модерация өткізіледі (жазбаша жұмыстар үшін);
- төртінші бағаларға әсер етеді (50%) [8].

Мұғалімге бөлім/өтпе тақырып үшін жиынтық бағалау нәтижелеріне талдау жүргізу ұсынылады. Мұндай талдау сыныптың оқу жетістіктерінің деңгейін анықтауға және білім алушыларға уақтылы кері байланыс беруге мүмкіндік береді. Жалпы бөлім/аралық тақырып бойынша жиынтық бағалау нәтижелерін талдау білім алушылардың оқудағы олқылықтарды дер кезінде анықтау және жою үшін жүргізіледі. Әдетте білім алушылардың басым бөлігі өзінің оқуын мінез-құлқы бойынша, саны, сапасы және т.б. бойынша белгілі бір пробелдер жиынтығымен бастайды және жалғастырады [7].

Жиынтық бағалауды өткізу білім алушыға табысқа жету үшін дайындықты және мерзімдерді белгілеуді талап етеді. Мұғалімдер бағалау айдарын немесе

критерийлерін білім алушылар кез келген тест пен тапсырмалардан не күтетінін түсінетініне кепілдік беру үшін қолданады. Осылайша, жиынтық бағалау оқыту шеберлігін, сондай-ақ формативті бағалау сияқты бағалайды, прогресті өлшейді және нақты оқушыға көмектесу үшін диагностикалық құрал ретінде қызмет етеді [6, 139 б.].

Осылайша, Қазақстанның орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберіндегі барлық енгізілген өзгерістер білім алушыларда, оның ішінде инклюзивтік ортада ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларда коммуникативтік және әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді. Платформалар әзір деп айтуға болады, енді мектеп педагогтерінің кәсіби құзыреттілігі, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің командалық жұмысы, оқу процесіне пәрменді әдістемелерді енгізу болып жатқан жаңартулардың тиімділігін дәлелдеуі тиіс.

2 ИНКЛЮЗИЯ ЖАҒДАЙЫНДА 5-9-СЫНЫПТАРДЫҢ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-МАТЕМАТИКАЛЫҚ БАҒЫТЫНДАҒЫ ОҚУ ПӘНДЕРІНІҢ БЖБ ЖӘНЕ ТЖБ САРАЛАНҒАН ТАПСЫРМАЛАРЫН ДАЙЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Инклюзивті білім беру дене бітіміне, психикалық, зияткерлік, мәдени, этникалық, тілдік және өзге де ерекшеліктеріне қарамастан ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру кеңістігіне енгізуді, оларды бірдей қызметке кірістіруді, оқытудың ұжымдық формаларын және жеке дара міндеттерді шешуді көздейді, сонымен қатар ұжымдық қатысудың стратегиясын, яғни ойын, бірлесіп жобаларды орындау, зертханалық, далалық зерттеулер жүргізуді т.б. талап етеді. Сонымен қатар педагог жұмысының ең негізгі бағыты әр баланың психикалық даму ерекшеліктері мен денсаулығын есепке ала отырып, жеке тіл табыса білу болып табылады [3].

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес **жиынтық бағалау** – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі.

3-тарау. Жаңартылған орта білім мазмұны бойынша білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау жүргізудің тәртібіне сәйкес:

14. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан, бөлім (ортақ тақырып) аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау нысанында педагогтер жүргізеді.

Жиынтық бағалау үшінші тоқсаннан бастап 1-сыныптарда, бірінші тоқсаннан бастап 2-11 (12) сыныптарда жүргізіледі.

14-1. Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі – БЖБ) нәтижесі бойынша білім алушыларға тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау кезінде ескерілетін балдар қойылады.

14.2. БЖБ үшін максималды балды, БЖБ өткізу нысаны (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, ауызша сұрау, эссе) мен сабағын және БЖБ орындау уақыты реттелмейді.

БЖБ үшін максималды балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 (12) сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болуы керек.

14-3. БЖБ және тоқсандық жұмыс үшін жиынтық бағалауға (бұдан әрі – ТЖБ) қойылатын қорытынды балды қою кезінде қолмен жөнделген жер, сондай-ақ оқу тапсырмалары мен есептер шарттарын ресімдеу сапасы есептелмейді.

14-4. Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде БЖБ қажет болған жағдайда бөлімдерді біріктіре отырып тоқсанына екі реттен артық жүргізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

14-5. БЖБ тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді. Бөлімдер/ортақ тақырыптар тоқсанына төрт және одан да көп бөлімдерді/ортақ тақырыптарды оқып-зерделеген жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескере отырып біріктіріледі. Оны екі кезеңде өткізуге болады.

14-6. Оқу пәндерінің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізуге болмайды. ТЖБ тоқсан аяқталатын соңғы күні өткізілмейді. Бір оқу пәні бойынша БЖБ мен ТЖБ бір күнде өткізілмейді.

14-7. Үйде оқитын білім алушыларды бағалау кезінде педагог үйде оқитын білім алушылардың оқу жүктемесін және олардың оқып-зерделеген оқу материалын ескере отырып, сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды әзірлейді.

14-8. Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды қолданады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін есепке ала отырып, оның ішінде жеке оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізеді.

14-9. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда тоқсанға бір БЖБ, тоқсанның соңында ТЖБ өткізіледі.

15. «Өзін-өзі тану, «Көркем еңбек», «Музыка», «Дене шынықтыру», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау», «Алғашқы әскери және технологиялық даярлық», «Қоғам және дін», бастауыш сыныпқа арналған «Ақпараттық-коммуникативтік технология» пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді.

Тоқсан/жарты жыл және оқу жылының соңында «Өзін-өзі тану», «Көркем еңбек», «Музыка», «Дене шынықтыру», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау», «Алғашқы әскери және технологиялық даярлық», «Қоғам және дін», бастауыш сыныпқа арналған «Ақпараттық-коммуникативтік технология» пәндері бойынша «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады.

15-2. Қысқартылған оқу жүктемесі бар Үлгілік оқу жоспарларын таңдаған жағдайда БЖБ саны 14-4-тармаққа сәйкес жүргізіледі.

16. Жиынтық бағалау тапсырмалары білім алушылармен орындалады және «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) оқу бағдарламасына сәйкес олар өткен материалдарды қамтиды.

17. Формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын педагог өзі дайындайды.

18. Тілдік пәндерден жиынтық бағалау сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша жүргізіледі (тыңдалым (тыңдау), айтылым, оқылым, жазылым). Тыңдалым

(тыңдау) және айтылым дағдыларын бағалау жиынтық бағалауды өткізу жоспарланған аптаның ішінде сабақтың барысында жүргізіледі.

19. Білім алушылардың тоқсандағы оқу жетістіктерінің нәтижелері бойынша жазбаша түрде өткізілетін жиынтық бағалауда объективтілік және ашықтықты қамтамасыз ету үшін модерация жүргізіледі.

Модерация қорытындысы бойынша білім алушылардың өзгертуге жататын жиынтық жұмыстарының тоқсандық балы қайта тексеріледі. Модерация қорытындысы бойынша қойылатын жиынтық жұмыс балы жоғарылатылып, сол сияқты төмендетіліп те қойылады.

20. Білім алушылар (денсаулық жағдайына байланысты, жақын туыстарының қайтыс болуы, қолайсыз метеожағдайларға байланысты, барлық деңгейдегі жарыстарға, конференцияларға, олимпиадаларға және ғылыми жобалар конкурстарына қатысу) болмаған жағдайда жиынтық бағалауды жеке кесте бойынша тапсырады.

20-1. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда БЖБ мен ТЖБ қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып ұйымдастырылады.

21. Бөлім (ортақ тақырып) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысы болмаған жағдайда білім алушы уақытша аттестаттаудан өтпеген болып есептеледі.

22. Ағымдағы жылғы білім алушылардың жиынтық жұмыстары мектепте күнтізбелік бір оқу жылы сақталады.

23. Білім алушылардың жиынтық бағалау нәтижелері балл түрінде (қағаз/электрондық) журналға қойылады және осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес балды бағаға ауыстыру шәкілі бойынша тоқсандық және жылдық бағаға ауыстырылады.

24. Жиынтық бағалау қорытындысы бойынша ақпарат білім алушыларға және ата-аналарға немесе баланың заңды өкілдеріне қағаз түрінде немесе электронды нұсқада беріледі.

25. Тоқсандық баға бөлім (ортақ тақырып) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысының негізінде 50%-да 50% пайыздық арақатынаста қойылады.

27. 2-11 (12) сынып білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағалары жақын бүтіндікке дөңгелектеу арқылы тоқсандық бағалар жиынтығының орташа арифметикалық мәні ретінде қойылады және қорытынды баға болып табылады.

Оқу жылының қорытындысы бойынша аралық аттестаттау жүргізілмейді.

28. Бір немесе екі пәннен «2» бағасын алған 2-8 (9) және 10 (11) сынып білім алушылары үшін мектеп жасаған кестеге сәйкес жүргізілетін оқу жылындағы материал мазмұнын қамтитын жиынтық бағалау оқу жылына ұйымдастырылады.

Қорытынды баға жақын бүтіндікке дөңгелектеу арқылы жылдық баға мен қосымша жиынтық бағаның орташа арифметикалық мәні арқалы қойылады.

Үш немесе одан да көп пәннен «2» бағасын алған 2-8 (9) және 10 (11) сынып білім алушылары қайта оқуға орнында қалдырылады.

«3», «4», «5» бағаларын алған 2-8 (9) және 10 (11) сынып білім алушылары келесі сыныпқа көшіріледі.

29. Бір немесе екі оқу пәнінен қайта «2» бағасын алған 2-8 (9) және 10 (11) сыныптардың білім алушылары, осы пәндерден қосымша жиынтық бағалаудан өткізіледі.

Қорытынды баға жақын бүтіндікке дөңгелектеу арқылы жылдық баға мен қосымша жиынтық бағаның орташа арифметикалық мәні арқалы қойылады.

Қосымша жиынтық бағалау жаңа оқу жылының басына дейін өткізіледі.

Қосымша жиынтық бағалаудан «2» деген баға алған жағдайда, білім алушы сол сыныпта оқуға орнында қалдырылады.

30. Тоқсандық, жылдық және қорытынды бағаларды қайта қарауға рұқсат берілмейді.

31. Оқушылар бір мектептен екінші мектепке ауысқан кезде, оқу жылы көлеміндегі оның жиынтық бағалау нәтижесі (бөлім (ортақ тақырыптар) және тоқсан үшін жиынтық бағалаудың максималды балы және білім алушының қорытынды балдары) электронды (қағаз) журналдан жазба арқылы ресімделіп, директор және мектеп мөрімен расталып, оқушының жеке іс қағазымен беріледі [9].

Білім беруді дамытудың заманауи жағдайларына байланысты жаратылыстану-математикалық бағыттағы мұғалімдердің жұмысы білім моделінен құзыреттілікке көшуге бағытталған. Білім беру нәтижесі әмбебап білім, білік және дағдылардың біртұтас жүйесін, сондай-ақ білім алушылардың өзіндік іс-әрекеті мен жеке жауапкершілігінің тәжірибесін қамтитын құзыреттер болып табылады [2].

Жаратылыстану-математикалық цикл пәндерін оқу білім берудің әмбебаптығына кепілдік бере отырып, білім алушыларға болашақ техникалық, жаратылыстану-ғылыми немесе гуманитарлық бағыттағы мамандықты таңдауға, кәсіби өзін-өзі анықтауға және қазіргі қоғамда табысты бейімделуге мүмкіндік береді.

Жаратылыстану-математикалық білім беру пәндерінің пропедевтикалық маңызы алынған білімнің оқушылардың әлем туралы алғашқы, тұтас түсінігін қалыптастыру міндеттерін шешетіндігіне негізделеді. Ұсынылған қызмет түрлері білім алушылардың зерттеу дағдыларын, танымдық қызығушылықтарын және шығармашылық қабілеттерін дамытады [2].

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер барлық техникалық және жаратылыстану пәндері үшін қолданбалы ғылымдар болып табылады. Математикалық сауаттылықты қалыптастыру барысында білім беру процесінің тұтастығы мен жүйелілігі жүзеге асырылады. Сонымен қатар жаратылыстану пәндері бойынша қолданбалы математикалық есептерді орындау кезінде білім алушыларда арифметикалық және алгебралық түрлендірулер жақсы деңгейде жасалады.

Жаратылыстану-математикалық бағыттың пәндері негізінде дамытылатын интеллектуалдық қасиеттер арасында, әдетте, логикалық ойлауға жататын: дедуктивтік ойлау, абстракциялау, қорыту қабілеті, талдау, сын айту қабілеті жиі айтылады. Математикалық жаттығулар ойлаудың рационалды сапасын және оны білдіретін: тәртіп, дәлдік, айқындылық, ықшамдылық қасиеттерін иеленуге алып келеді. Олар қиял мен түйсікті талап етеді, объективтілік, интеллектуалдық адалдық, зерттей білу қабілеттерін дамытады. Математиканы оқыту үнемі назар аударуды, табандылықты, көңіл бөлу қабілетін талап етеді, яғни интеллектті дамытуда да, мінезді қалыптастыруда да маңызды рөл атқарады [10].

Мұғалім өзінің кәсіби қызметінде қойған мақсатына жету үшін келесі маңызды міндеттерді жүзеге асырады:

1) Сыныптың барлық білім алушылары білім бағдарламасын меңгеруі үшін нені қамтуы керек:

- сыныпта кедергісіз ортаны ұйымдастыру;
- эмоционалды жағдай жасау, әр баланың ерекшеліктерін қабылдау және ынтымақтастық негізінде қарым-қатынас қалыптастыру;
- білім алушыларда оң, әлеуметтік-бағытталған оқу уәждемесін қалыптастыру;
- білім алушылардың мүмкіндігіне сәйкес технологияларды, әдістерді, тәсілдерді және оқу жұмысын ұйымдастырудың формаларын қолдану;
- ЕБҚ бар білім алушылардың меңгеруі үшін оқу материалының қажетті және жеткілікті көлемін белгілеу, мазмұнын бейімдеу;
- қажетті дидактикалық материалдарды әзірлеу немесе бар материалдарды пайдалану.

2) Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларға сыныптастарының тобында және мектеп қоғамдастығында бейімделуі үшін жағдай жасау:

- интерактивті формаларды қолдану арқылы сабақты жоспарлау және ұйымдастыру, сыныптан тыс және мектептен тыс шараларды өткізу;
- әр баланың шығармашылық әлеуетін ашу үшін, сыныптың, мектептің өміріне қатысуы, өзінің мүмкіндігін жүзеге асыруы үшін тәрбие жұмысын ұйымдастыру;
- оқу нәтижесін бағалау барысында балалардың тиісті мүмкіндігін, сабақта және сабақтан тыс қызметіндегі нәтижелерін пайдалану.

3) Қосымша ресурстарды және ішкі қолдауды қамтамасыз ету:

- инклюзивті сыныпта білім беру процесін ұйымдастыру және жоспарлау үшін психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарын тарту қажет;
- мектеп мамандары мен әдіскерлері тарапынан әдістемелік және психологиялық-педагогикалық қолдауға деген сұранысты қалыптастыру,
- ата-аналармен ынтымақтастық рухта және жауапкершілікті сезіну арқылы қарым-қатынас жасау.

4) Кәсіби құзыреттілікті дамыту.

Кез-келген жағдайда ЕБҚ бар балаларды оқу процесіне ойдағыдай кіріктіру әртүрлі деңгейде болады. Кез-келген бала өзінің ерекше қажеттіліктері мен

мүмкіндіктеріне қарай бірегей болып саналады. Бала оқитын білім ортасы да өзінің ресурстарымен ерекшеленеді.

Осы құралдың қосымшасында көрсетілген қазақстандық мектептердің практикалық тәжірибесіне сүйене отырып, педагогтердің назарына инклюзивті білім беру жағдайында ЕБҚ бар білім алушылар үшін жиынтық жұмыстарға сараланған тапсырмалар дайындау бойынша ұсынымдар ұсынылады.

Инклюзивті сыныпта жұмыс істейтін мұғалім үшін мынадай қағидаларды есте сақтау өте маңызды:

1) Әрбір балаға өзіне тән қарқынмен жұмыс істеу мүмкіндігін беріңіз. Балаға кезекті жазбаны өткізіп жіберіп, орындау үшін аз уақыт кететін тапсырманы ұсынған абзал. Жұмыс көлемінің біртіндеп артуы және баланың жеке қарқынымен сәйкес келуі тиіс. Жұмыстың аз көлемін орындау дайындығы аздау балаға оны жақсы орындауға мүмкіндік береді, өз кезегінде оған өзін жалпы жұмысқа қатысушы ретінде сезінуге көмектеседі. Қарқынды дараландыру – баланың мектептегі психологиялық жайлылығының қажетті шарты. Балалар тапсырманы орындайды, бірақ жұмыс оның аяқталу дәрежесіне қарамастан тоқтап қалады. Осылайша жұмысты барлығымен бірге бастау және аяқтау білігі меңгеріледі.

2) Бір жағынан дараландыру топтық жұмысты ұйымдастыруға ықпал етеді. Оқу басында оны толық көлемде пайдалануға болмайды, бірақ оның элементтерін біртіндеп енгізу – орынды. Балаларда өзін-өзі барабар бағалау қабілетін қалыптастыру үшін топтың құрамын ауыстыру қажеттігін ескеру маңызды. Өзара жазғыру мен сыныптағы ынтымақтастық пен ортақтастық атмосферасын бұзудың алдын алу үшін балалар топтары арасындағы жарысуларды мүлдем алып тастау керек.

3) Сабақта әрекет түрлері мен жұмыс формаларын үнемі ауыстырып отыру барлық балаларға шиеленісті азайтып, зейінді арттыруға мүмкіндік береді. Шиеленісті азайтуды уақытылы түзету үшін әртүрлі педагогикалық «күпиялар» бар, мысалы:

- сабақта балаларға қандай да ыңғайлы қалыпта орналасуға рұқсат етіледі: жұмыс орнын ауыстырғысы келген жағдайда, тұрып жұмыс істеу; аяқтың ұшымен жүру, бір аяққа тұру, табанын, балтырын, жамбасын, бөксесін, ішін ширату және т.б.;

- мұғалім «баланың артында тұра» алады, қолын иығына сала алады, сыбырласуға және т.б. рұқсат береді.

4) Барлық балаларға өз іс-әрекеттерінің кезектілігін дауыстап айтып отыру қажет. Басқаларға кедергі болмау үшін балаларды ақырын, жарты дауыспен, ерінмен сыбырласып сөйлесуге үйретіңіздер. Бірақ дауыстап айтуға тыйым салмаңыздар – сыртқы сөйлеу арқылы жаңа және қиын материалды саналы меңгеру жүреді.

5) Балаға танымдық әрекетті мәжбүрлемей, оған деген баланың табиғи қажеттілігін басшылыққа алу маңызды. Балаларға өздері үлкен қызығушылықпен орындайтын тапсырмаларды жиі ұсыну қажет. Баладан қызықты емес немесе күрделі тапсырмаларды орындауды абайлап және

мөлшерлі талап ету керек, өйткені ұдайы шиеленісте болу соматикалық немесе психологиялық проблемаларға әкеп соғады.

б) Баланың мектепке бейімделуіне жағдайлар жасау мұғалім үшін негізгі қағида болып табылады, ол баланың оқуда ғана емес, білім беру процесіне қатысушылардың барлығының: мұғалімдердің, балалардың, ата-аналардың арасындағы қарым-қатынас пен өзара іс-қимыл жасау аясында табысты болуынан тұрады.

Осылайша, оқыту процесінде әр баланың даралығын ашу заманауи мектепте инклюзивті білім беруді құруды қамтамасыз етеді. Мұндай оқытудың мақсаты бірыңғай сынып ұжымында «орташаланған» білім алушыға емес, танымдық мүмкіндіктерін, қажеттіліктері мен мүдделерін ескере отырып, жеке-жеке жұмыс істеуге мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жүйесін құру болып табылады.

Мұғалім сабақ беру тәсілдемелерін өзгертуге және заманауи технологиялар мен әдістерді қолдануға ұмтылатын сабақтарды дайындауды диагностикадан, яғни, білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін түсінуден бастауы маңызды. Әсіресе, бұл жаратылыстану-математикалық бағыттағы сабақтарда маңызды, өйткені білім алушылардың практикалық біліктері мен дағдылары арқылы оқу, жазу, есеп, рефлексия және т. б. сияқты өзіндік пәндік есептер мен негізгі оқу дағдыларын концептуалды түсіну қалыптасады.

Білім алушылардың білім берілуіне қажеттіліктерін зерттеу үшін nao.kz сайтындағы Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА-мен әзірленген әдістемелік ұсынымдарда көптеген тәсілдемелер ұсынылған.

Педагог балалардың білім берілуіне қажеттіліктерін зерттеген және түсінген кезде оқытуды саралау, оқу бағдарламасының шеңберін кеңейту мүмкіндігі пайда болады, тіпті үлгерімі төмен білім алушының да беделі көтеріледі. Сабақ түрлері мен оқыту әдістері әртүрлі болуы мүмкін және бұл нақты сабақтың мақсатына, тақырыптың ерекшелігіне және ең бастысы, білім алушылардың білім берілу қажеттіліктеріне байланысты болады [11].

Сабақтағы баланы бақылау, ата-аналармен сауалнама жүргізу және әңгімелесу нәтижесі алынған деректерді талдау және қорыту, олардың негізінде оқытудың басты (бастапқы) қиындықтары туралы болжамдар (гипотезалар) қалыптастыру және тереңдетілген тексерудің тиісті бағыттары мен әдістерін таңдау болуы тиіс.

Мұғалім білім мен іскерлікті нақты меңгеру деңгейін, сондай-ақ оқу бағдарламасын меңгерудегі олқылықтардың дәрежесі мен сипатын анықтау мақсатында меңгеруі қиындық тудыратын пәндер бойынша оқу жетістіктерін критериялды бағалауды жүргізеді. Бағалау нәтижелері бойынша өзекті деңгей, жақын даму аймағы, білімдегі олқылықтар көрсетілген жетістіктер карталары толтырылады. Мұғалім білім алушыдан сабақтың қалай өткізілуін қалайтынын (қандай ақпаратпен жұмыс істеуді қалайды (жазбаша, ауызша, пәндік қызметте), қандай оқыту әдістері мен жұмыс түрлері білім мен дағдыларды барынша толық меңгеруге ықпал етеді, ал күтілетін нәтижеге қол жеткізуге қандай жағдай жасамайды және т.б.) белгілеуі тиіс.

Әрбір зерттеу барысында мұғалім мен мамандар білім алушы дамуының әлсіз жақтарын ғана емес, сонымен қатар оған оқуда табысты болуды қамтамасыз ететін қолда бар ресурстарды да анықтайды.

Оқыту технологиясын таңдаудың тиімділігі және оның ЕБҚ бар білім алушыларға бейімделуін *рефлексия технологиясының* көмегімен анықтауға және өлшеуге болады.

Оқытудағы рефлексия – оқыту субъектісінің өз іс-әрекетін ой-әрекеттік немесе сезіну процесі. Рефлексия субъектінің пәндік білімі мен іс-әрекетінің мазмұнына жатады, оның нәтижелерін бекіту және одан әрі оның нәтижелілігін арттыру мақсатында жүзеге асырылған іс-әрекетті зерттеуді білдіреді.

Сабақта білім алушының рефлексиясын ұйымдастыру технологиясы келесі кезеңдерден тұрады:

- пәндік іс-әрекетті орнату;
- орындалған іс-әрекеттердің бірізділігін қалпына келтіру;
- іс-әрекеттердің жасалған реттілігін зерделеу;
- нәтижелерді қалыптастыру;
- келесі іс-әрекетте гипотезаларды тексеру.

Оқыту процесінде өз іс-әрекетінің нәтижесінде білім алушы рефлексия арқылы білім алуға өзгертін тәжірибеге ие болады. Рефлексия қойылған мақсаттарға жету тәсілдерін түсіндіруімен, яғни мақсатты тұжырымдауымен байланысты. Сондықтан да ол білім алушыға қатысты тәрбиелеу функциясын орындайды.

Егер мұғалім білім алушының рефлексиясын сабақ мақсатымен және күтілетін нәтижелермен байланыстырса, онда кері байланыс педагогикалық жұмыстың көптеген мәселелерін түсіндіреді. Ал, дәлірек айтқанда, білім алушы оқу материалын түсінеді ме және мұғалімнің жоспарлауы баланың білім алуына көмектесті ме? Мұғалім өз сыныбындағы жұмыстың тиімді әдістерін қаншалықты пайдаланды? Сонымен қатар мұғалімнің өз рефлексиясы зор маңызға ие және ол сабақтағы оқыту әдістерін іздестіруді, таңдауды, қолдануды және оның нәтижелігін анықтайды.

Мұғалім өзінің жобалық іс-әрекеттерін рефлексивті бағалауды білім алушылардың нақты жеке ерекшеліктеріне, олардың даму мүмкіндіктеріне сәйкес жасайды. Бұл күрделіні қарапайымға, қызықсызды қызықтыға айналдыруға мүмкіндік беретін мұғалімнің ең маңызды кәсіби біліктерінің бірі болып табылады.

Осылайша, сыныптағы өзара қарым-қатынас сапасы және мұғалімнің коммуникативтік дағдылары – барлық балалар белсенді болатын инклюзивті білім беру ортасын дамыту процесінің басты құрамдас бөліктері [11].

Бұл ретте әрбір мұғалімге ереже бойынша қолдап оқытудың негізгі әдістерін қолдану ұсынылады:

- білім алушыларды сыныптағы ішкі ресурс ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін «бала-бала» қағидатын сақтау;
- оқыту сапасын арттыруға жалпы ұмтылысты көрсететін мамандармен және басқа да әріптестермен жұмыс істеу келісімділігі;

- қажет болған жағдайда қосымша өзара қолдау көрсететін үй мен мектеп арасында серіктестік қарым-қатынас орнату.

Бұл ретте мұғаліммен ұсынылатын конструктивті кері байланыстың атқаратын маңызды рөлін атап өту қажет. Әрине, зерттелетін материал түсінікті болған кезде ғана танымдағы жіберілген олқылықтарды терең түсінуге болады. Осыған байланысты әрбір жағдайда кері байланыстың сапасы мен сипаттамалары шешуші мәнге ие. Көптеген ғалымдар педагогикалық ғылымда кері байланыс педагог пен білім алушылар арасындағы тұлғааралық қарым-қатынасты реттеушіні білдіреді деп тұжырымдауы кездейсоқ емес.

Кері байланыс:

- нақты, түсінікті, уақытылы және сабақ барысында оқылатын оқу материалының тақырыбына сәйкес болуы тиіс;

- өзара құрмет, өзара түсіністік жағдайында ұйымдастырылған болуы тиіс;

- білім алушылардың өз танымы процесіне белсенді қатысуын көздейтіндей болуы тиіс.

Сабақта шебер ұйымдастырылған кері байланыс:

- *мұғалімдерге* білім сапасын жақсартуға, тиімді әдістер мен тәсілдерді, бағалау құралдарын қолдануға; бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқыту тәсілдерін түзетуге;

- *білім алушыларға* бағалау критерийлерін және оқу қызметіндегі үздік нәтижелерге қол жеткізу тәсілдерін білуге және түсінуге; рефлексия жасауға қатысуға, өзін-өзі бағалауға, өзара бағалау қабілетін дамытуға; нақты міндеттерді шешу үшін білімді пайдалануға, әртүрлі көзқарастарды білдіруге, сыни ойлауға;

- *білім алушылардың ата-аналарына* мұғалімдермен және мектеп әкімшілігімен кері байланыс орнатуға; білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелерін көруге және оларды білім беру процесінің барлық қатысушыларына белгілі, нақты анықталған, ұжымдық жасалған және белгілі ортақ бағалау критерийлерімен салыстыруға мүмкіндік береді.

Кері байланыстың мәнін зерттеу және мұғалімдерге рубрикаларды құрастыру бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында арналған Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА-мен «Кері байланыс беру үшін 5-9 сыныптар оқу пәндерінің оқу мақсаттарына сәйкес рубрикаларды құрастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» әдістемелік құралы әзірленді.

Ұсынымдарда педагогикалық қарым-қатынастың ажырамас құрамдас бөлігі ретінде білім алушылардың оқу жетістіктері мен қателіктерін ұғынуына, білім алушының педагогпен өзара қарым-қатынас жасауына, оқуға деген мотивациясын арттыруға және білім, дағды, біліктің деңгейі жөнінде идеяландырылған түсініктердің білім алушы әрекетінің нақты нәтижелерімен саналы түрде салыстыру негізінде білім мазмұнын жақсы меңгеруге ықпал ететін рубрикалардың рөлі келтірілген. Рубриканы тек БЖБ және ТЖБ нәтижелері бойынша ғана емес, сондай-ақ тапсырмаларды орындауда қолдану бағалауды мұғалім мен білім алушы арасындағы конструктивті диалогқа ауыстырады [12].

Рубрикаторларды құрастыру бойынша зерделенген тәжірибе негізінде ұсынымдарда жалпы білім беретін мектептердің 5-9 сыныптарының оқу жоспарлары бойынша **рубрика әзірлеу алгоритмі ұсынылды.**

1-қадам. Пән бойынша білім алушылардың жетістіктерінің сараланған деңгейлерін анықтау (3-кесте). Мұғалім оқу іс-әрекетінің материалдарын, формалары мен тәсілдерін мұқият тандап, материалды жеке логикалық аяқталған оқу элементтеріне бөле отырып, олардың әрқайсысының мақсатын айқындай отырып, сараланған тәсілді жүзеге асырады.

3 – кесте. Оқытудағы кері байланыстың деңгейлік дифференциациясының сипаттамасы [12]

Деңгейлер	Тапсырмаларды орындау пайызы	Сипаттама
1	2	3
Бастапқы	0%-39%	<ul style="list-style-type: none"> - пәндік терминдер мен ұғымдарды түсінеді және өз ойын айтады; - қарапайым тапсырмаларды орындайды және тікелей нұсқауларға сәйкес орындау процедуралары қажет ақпаратты әртүрлі формалар (кестелер, графиктер және диаграммалар) негізінде ұсынады және қарапайым қорытындыларды тұжырымдайды; - қарапайым тапсырмаларда шаблондарды таниды.
Орта	40%-84%	<ul style="list-style-type: none"> - пәндік терминдер мен ұғымдарды жеткілікті біледі және түсіндіреді; - тапсырмаларды орындайды және білімін практика жүзінде қолдана алады; - ақпаратты жинақтайды және қорытынды шығарады, алынған нәтижелерге дәлел келтіруі мүмкін; - типтік тапсырмалардағы үлгілерді таниды, стандартты шешу жолдарын ұсынады және пайдаланады; - берілген тапсырмалардың шешімін табуда басқа пәндерден алған білімін, дағдысын пайдаланады.

3 – кесте жалғасы

1	2	3
Жоғары	85%-100%	<ul style="list-style-type: none"> - пәндік терминдер мен ұғымдар бойынша терең білімі мен түсінігін көрсетеді; - күрделі тапсырмаларды орындайды және алған білімін табысты қолданады; - ақпаратты әртүрлі көздерден жинақтайды және толық негіздеумен қорытындыларды құрастырады, нақты, алынған нәтижелерге қисынды дәйекті дәлелдер келтіреді; - күрделі тапсырмаларды шешу жолдарын біледі, бірнеше жауаптар ұсынады; - әртүрлі стратегияларды пайдаланады, алынған нәтижелердің маңызы мен негізділігін бағалайды.

2-қадам. Үлгілік оқу жоспары мен оқу бағдарламасын зерделеу, оқыту мақсаттарына талдау жүргізу, білім алу процесінде ерекше қиындықтар туғызатын оқыту мақсаттарын анықтау, оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты негізінде бағалау критерийлерін құру.

3-қадам. Етістіктерді Блум пирамидасына сәйкес қарастыру (кесте - 4)

4 – кесте. Ойлау әрекетінің деңгейлері және етістіктер. Рубрика құруға арналған әрекеттер

Ойлау әрекетінің деңгейлері	Білім алушылардың осы деңгейге жетуін көрсететін нақты іс-әрекеттері
1	2
1. Білім (Берілген жаңа түсінікті ұғу, еске ұстау, бұрынғы білімді еске түсіру)	- терминдерді, нақты фактілерді, әдістер мен рәсімдерді, негізгі ұғымдарды, ережелер мен қағидаттарды айтады.
2. Түсіну (Жаңа материалда берілетін білімді түсіну, өзінше түсіндіру немесе болжам жасауы)	<ul style="list-style-type: none"> - фактілерді, ережелерді, қағидаларды түсіндіреді; - сөздік материалды математикалық өрнектерге түрлендіреді; - қолда бар деректерден болашақта туындайтын салдарларды сипаттайды.
3. Қолдану (Жаңа жағдайларда ұғымдар мен қағидаларды пайдаланады, әдісті немесе әрекетті дұрыс қолдануын көрсетеді)	<ul style="list-style-type: none"> - нақты практикалық жағдайларда заңдарды, теорияларды қолданады; - жаңа жағдайларда ұғымдар мен қағидаларды қолданады.

4 – кесте жалғасы

1	2
4. Талдау (Біртұтастың бөліктерін белгілеу: олардың өзара байланысын айқындау)	- біртұтастың бөліктерін ажыратады; - олардың арасындағы өзара байланысты анықтайды; - ұйымдастыру принциптерін анықтайды; - ойлау логикасындағы қателіктер мен олқылықтарды көреді; - фактілер мен салдары арасындағы айырмашылықты жүргізеді; - деректердің маңыздылығын бағалайды.
5. Жинақтау (Жеке бөлшектерден, дара ұғымдардан тұтас дүние жасау)	- шығарма, баяндама, реферат жазады; - эксперимент немесе басқа әрекеттер жоспарын ұсынады; - тапсырма сызбасын құрастырады.
6. Бағалау (Жаңа ұғым, жаңа материалдың құндылығын, керектігін анықтау, пайымдау)	- жазбаша мәтінді құру логикасын бағалайды; - қорытындылардың қолда бар деректерге сәйкестігін бағалайды; - қызметтің қандай да бір өнімінің маңыздылығын бағалайды.

4-қадам. Рубрика білім алушыға түсінікті болуы шарт, оны әрі қарай оқуға ынталандыруы тиіс. Кері байланыстың сипаттамасын ескере отырып, рубрикада конструктивтік байланыс болуы тиіс, ол білім алушылардың белгілі бір білімдерге, дағдыларға қол жеткізу деңгейін бағдарлама ұсынымдарын ескере отырып толық көрсетуі тиіс. Конструктивті кері байланыс қателіктерді ғана көрсететін етістіктерді қолданудан бас тартуы керек. Конструктивті емес кері байланыс білім алушының жіберген қателіктеріне мән беріп және де ол өз кезегінде білім алушы мен ата-анаға кері әсерін тигізеді.

5-қадам. Рубрика бөлім/тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері бойынша ғана емес, жазбаша жұмыстан кейін де қолданылуы тиіс. Рубрикалар білім алушыларға жұмысты орындауға кіріскенге дейін белгілі болуы тиіс.

Жалпы білім беретін мектептің 5-9 сыныптарында жаратылыстану-математикалық білім беру пәндері бойынша деңгейлеп саралаудың негізінде рубрикаларды құрастыру тәсілдерінің мысалдарын қарастыруды ұсынамыз.

1-мысал.

5-сынып «Жаратылыстану» пәні оқу бағдарламасына сәйкес «Ғалам. Жер. Адам» бөлімі бойынша «5.2.1.1 макро- және микроәлем нысандарын ажырата білу және мысалдар келтіру» оқу мақсаты алады. Рубриканы әзірлеу барысында білім алушыларға қойылатын оқу жетістіктерінің деңгейін саралау талаптары сақталған.

Бастапқы деңгейде білім алушы ұсынылған нұсқалардан мега, макро және микроәлем нысандарын таңдайды, таңдаған нұсқасын түсіндіреді.

Орта деңгейде мега -, макро - және микроәлем терминдеріне анықтама береді және мысалдарын келтіреді.

Жоғары деңгейде мысалдардағы мега-, макро және микроәлем нысандарын зерттейді. Объектілер параметрлерін анықтайтын кластерді жасайды және мысалдар келтіреді.

2-мысал.

7-сыныптың «География» пәні бойынша «Физикалық география» бөлімі «7.3.3.6 мұхит суының қозғалыстарын жіктеп, түсіндіреді» оқу мақсатына сәйкес бағалау критерийін анықтады.

Бастапқы деңгейде оқушылар мұхит суының қозғалыстарының түрлерін анықтайды.

Орта деңгейде олар мұхит суының қозғалыстарын жіктеп және толқынның сызбасын сызады.

Жоғары деңгейде мұхит суының қозғалыстарының құрлыққа әсерін талдап, баға береді.

3-мысал.

«Биология» пәні (8 сынып) бойынша «Жасушалық биология» бөліміндегі «8.4.2.2 прокариот және эукариот жасушалардың құрылысын салыстыру» оқу мақсатынан алынды.

Бастапқы деңгейде білім алушы прокариот және эукариот жасушаларды біледі және оларға анықтама бере алады.

Орта деңгейде прокариот және эукариот жасушаларды таниды және суреттен олардың құрам бөліктерін белгілейді.

Жоғары деңгейде прокариот және эукариот жасушаларының құрылысын дұрыс нақты атап және олардың айырмашылықтарын мен ұқсастықтарын салыстырады.

4-мысал.

9 сынып «Алгебра» пәні оқу бағдарламасына сәйкес «Тригонометрия» бөлімі бойынша «9.1.1.1 бұрыштың радиандық өлшемі ұғымын меңгеру» оқу мақсаты таңдалды. Білім алушы тригонометрия бөлімі бойынша қайталау жұмыстары, сабақта алған білімдерін бұрыш пен доғаның градусық және радиандық өлшемдерін анықтауға бағытталған.

Бастапқы деңгейде тригонометриялық функцияларды жүйелі түрде анықтап, радиус-вектор оң және теріс бағыт, центрлік бұрыш, бұрыштың радиандық өлшемі ұғымдарын түсіндіреді.

Орта деңгейде доғаның ұзындығын есептеп, тригонометриялық шеңбермен жұмыс жасайды.

Жоғары деңгей тригонометриялық шеңберге берілген жоғары деңгейдегі есепті шығаруға негізделген.

Осылайша, анық кері байланыс білім алушының назарын нақты тақырып немесе модуль шеңберінде оқытудың мақсатты мазмұнына шоғырландыруға

мүмкіндік береді, сондай-ақ барлық қателер мен дәлсіздіктерді түзету оқудың өзін-өзі бағалауы мен мотивациясына теріс әсер етуі мүмкін бастапқы оқыту кезеңдерінде өзіне деген сенімділікті дамытуға ықпал етеді.

Білім алушыларды бағалау критерийлерімен және тапсырманы орындаудың жоғары (жақсы) үлгілерімен алдын ала таныстыру қажет. Бұл оларға өз жұмысын осы өлшемдер мен үлгілермен жақсы салыстыруға және алынған кері байланысты жақсы жүйелендіруге мүмкіндік береді.

Оқытудағы кері байланыс жасаудың маңызды ережелерінің бірі – одан әрі іс-қимылға нұсқаулардың болуы. Яғни, болашақта осы қателерді жою үшін қандай дағдылар мен материалдарды пысықтау керек, нақты қадамдар ұсынылуы тиіс.

Сонымен қатар педагог БЖБ және ТЖБ сараланған тапсырмаларын әзірлеуде психикалық: есте сақтау, ойлау, елестету, сөйлеу процестерінің дамуын ескеруі тиіс және рубриканың білім алушыларда үздік нәтижелерге қол жеткізу мотивациясына әсерін, оқуға тұрақты қызығушылығын қалыптастыруы тиіс.

Қорытынды

Мұғалімнің әрбір білім алушының даралығын тануы жеке тұлғаға бағытталған оқыту жүйесінің маңызды қағидаты болып табылады. Білім алушының даралығы оқу ақпаратын қабылдау және меңгеру ерекшелігі негізінде көрінеді. Демек, педагог оқу материалының көмегімен білім алушының жеке дамуына қажетті жағдай жасауы тиіс.

Білім алушы оқу мазмұнын оқу іс-әрекетінде меңгереді. Тек осы жағдайда ғана білім алушы білімді саналы, берік меңгереді және дамиды. Білім алушы өзі білім алуы тиіс, ал мұғалім – оның білім алуын басқаруды жүзеге асыруы керек, яғни білім алушыны ынталандыруы, оған кеңес беруі, оқу процесін ұйымдастырып, бақылауы тиіс. Оқытуды субъект-субъектілік негізге ауыстыру білім алушының мотивациясын, санасын, бейімділіктерін, дербестігін, оқу-танымдық қызметті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыра білуін дамытуды қамтамасыз ететін педагогикалық технологияны талап етеді.

Қазіргі жағдайда мұғалімнің жеке тұлғаға бағытталған білім берудің концептуалды ережелерін білуі, білім алушы тұлғасын қалыптастырудағы жаратылыстану-математикалық пәндердің рөлін қайта қарастыруы, білім беру сапасын арттыру бойынша қызметтің негізгі бағыттарын белгілеуі, оқу процесін ұйымдастыру технологияларын, білім алушыларды жиынтық бағалау рәсімдерін қарастырудың жаңа тәсілдемелерін түсінуі маңызды.

Осылайша, саралап оқыту тәсілдемесі – білім алушылардың әртүрлі топтары үшін оқу процесін мамандандыруды, білім алушылардың ерекшеліктерін есепке алу мақсатында әртүрлі топтар үшін түрлі оқыту жағдайларын жобалайды. Саралап оқыту тәсілі әртүрлі білім алушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерді саралау тәсілдерін кіріктіреді. Күрделілігімен, оқу-танымдық қызығушылықтарымен, мұғалім тарапынан көмек сипатымен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану сараланған оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың шарты болып табылады [13, 135 б.]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Токаев К.К. Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана // Послания Президента Народу Казахстана. 2 сентября 2019. URL: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana
2. Методические рекомендации по составлению индивидуальных программ естественно-математического и гуманитарного образования в условиях инклюзии. Методические рекомендации – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2019. – 320 с.
3. Методические рекомендации по адаптации общеобразовательных планов и программ и составлению индивидуальных учебных планов и программ для обучающихся с ООП в условиях инклюзивного образования. Методическое пособие. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2018. – 1200 с.
4. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан «Об утверждении государственных общеобязательных стандартов образования всех уровней образования» от 31 октября 2018 года № 604.
5. Мониторинг достижений в обучении. Принципы и практический опыт. Казахская Ассоциация по Чтению. – Караганда. ИП Жолдак Е.В., Серия «Школа профессионального развития». 2013. – 235 с.
6. Сборник заданий по суммативному оцениванию по учебным предметам основного среднего уровня. Сборник заданий. Первая часть – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2019. – 441 с.
7. «Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік нұсқаулық» «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық өлшеулер орталығы». – 2017.
8. Критериалды бағалау технологиясы» Оқу құралы / Урмашев Б.А. – Алматы «ССК» баспасы. – 2016.
9. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан «Об утверждении Типовых правил проведения текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся для организаций среднего, технического и профессионального, послесреднего образования» от 18 марта 2008 года № 125.
10. Журнал Успехи современного естествознания. – 2008. – № 1 – С. 79-79 URL: <https://www.natural-sciences.ru/ru/article/view?id=9241>
11. Методических рекомендации по сопровождению обучающихся с особыми образовательными потребностями в процессе обучения в общеобразовательной школе. Методические рекомендации – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2019. – 258 с.
12. Методические рекомендации по составлению рубрик согласно целям обучения по учебным предметам 5-9 классов для предоставления обратной связи. – г.Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2019. – 204 с.
13. Методические рекомендации по реализации обновленных учебных программ для детей с особыми образовательными потребностями. Методические рекомендации – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2019. – 248 с.

Қосымша

«Математика» пәні бойынша №1

1. ТАӘ: Сейдахмет Кулпаш Булегенқызы, еңбек өтілі: 32 жыл 6 ай, санаты: «педагог –зерттеуші», өңір: Нұр-Сұлтан қаласы, №83 мектеп гимназиясы.

2. К.Д., 6 сынып

3. Негізгі диагнозы бойынша ДЦП , коляскамен сабақта отырады, тьютордың көмегімен. Сабаққа ынтасы жақсы, жақсы қабылдайды. Бірақ қозғалыс қиындау болғандықтан, қолының икемділігі көп жазуға келмейді, үлгере алмайды сабақтағы есептерді шығарып, бірақ үлгеруге барынша тьютордың көмегімен болса да жазып отырады. Сабақ үстінде тақырыптар бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді. Түсінбегенін сұрап отырады. БЖБ және ТЖБ барысында тапсырманының деңгейі білу, түсіну және қолдану деңгейінде құрастырып, тест тапсырмасы, сәйкестендіру, бояу арқылы жауабын беруге болатындай тапсырмалар құрастырамын. Оқушының сол уақытқа үлгеретіндей, көп жазу кезінде шаршамауға, қолына көп күш түсірмейтіндей тапсырмалар беріледі. Көбіне өзінің сыныптастарынан қалғысы келмейді, берілген тапсырманы тиянқты жақсы ынтамен орындайды, үй тапсырмаларын да орындап, түсінбегенін сұрап отырады. Сондықтан тапсырмалар әр деңгейде, әртүрлі әдіс-тәсілдермен, жалықтырмайтындай құрастырғанды қалаймын.

1 тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар

«Қатынастар және пропорция» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып: Пропорция. Пропорцияның негізгі қасиеті. Тура пропорционалдық тәуелділік. Кері пропорционалдық тәуелділік. Мәтінді есептерді пропорцияның көмегімен шығару. Масштаб. Шеңбердің ұзындығы. Дөңгелектің ауданы. Шар. Сфера

Оқу мақсаты:

6.1.2.5 Пропорцияның негізгі қасиетін білу және қолдану.

6.5.1.1 Шамалар тура және кері пропорционалдықпен байланысты есептерді ажырату және шығару.

6.1.2.6 Шаманы берілген қатынаста бөлу.

6.3.3.3 Шеңбер ұзындығының формуласын білу және қолдану.

6.5.1.3 Картамен, сызбамен, жоспармен жұмыс барысында масштабты қолдану.

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Пропорцияның негізгі қасиетін қолданады.

- Шамалары тура және кері пропорционалдықты ажыратады және байланысты есептерді шығарады.

- Шеңбер ұзындығының формуласын есеп шығаруда қолданады.

- Арақашықтық және ұзындық арқылы масштабты табады.

Ойлау дағдыларының деңгейі білу және түсіну, қолдану

Орындау уақыты 25 минут

Тапсырмалар

1. $4,5:9=7:14$ берілген пропорцияны пайдаланып, дұрыс жазылған пропорция қасиетін көрсетіңіз.

A) $4,5 \cdot 7 = 9 \cdot 14$

B) $9 \cdot 7 = 4,5 \cdot 14$

C) $4,5 \cdot 9 = 7 \cdot 14$

D) $9 \cdot 14 = 7 \cdot 4,5$

[1]

2. 28 кг картоптан 5,6 кг крахмал алынады. 35 кг картоптан неше килограмм крахмал алынады?

[4]

3. Берілген формулаларды сәйкестендіріңіз:

Шеңбердің ұзындығы	$D=2R$	
Дөңгелектің ауданы	$C=2\pi R$	
Шеңбердің диаметрі	$S= \pi R^2$	[3]

4. Нур-Сұлтан мен Қарағанды қаласының арасы 225 км, ал 1:5000000 масштабпен берілген картада осы қалаларды қосатын кесіндінің ұзындығын табыңыз. [4]

Тапсырма №	Бағалау критерилері	Дискрипторлар	ұпай
		Білім алушы	
1	Пропорцияның негізгі қасиетін қолданады	Дұрыс пропорцияның қасиетін табады	1
2	Шамалары тура және кері пропорционалдықты ажыратады және байланысты есептерді шығарады	Шамаларға пропорцияны сәйкестіндіреді	1
		Шамалардың тәуелділігін ажыратады	1
		Тура пропорцияны шығарады	1
		Шартқа сәйкес есептің жауабын табады	1
3	Шеңбер ұзындығының формуласын есеп шығаруда қолданады	Шеңбер ұзындығының формуласын табады	1
		Дөңгелектің ауданын табу формуласын табады	1
		Диаметрдің 2 радиусқа тең екенін табады	1
4	Арақашықтық және ұзындық арқылы масштабты табады	Масштабтың анықтамасын қолданады	1
		Қатынасты шығарады	1
		Километрді сантиметрге айналдырады	1
		Есептің жауабын жазады	1
Жалпы ұпай			12

«Рационал сандар және оларға амалдар қолдану» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып:

Оң сандар. Теріс сандар. Координаталық түзу. Қарама-қарсы сандар. Бүтін сандар. Рационал сандар. Санның модулі.

Рационал сандарды салыстыру. Рационал сандарды координаталық түзу көмегімен қосу.

Теріс рационал сандарды қосу. Таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосу.

Рационал сандарды азайту. Координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығы.

Оқу мақсаты:

6.1.2.11 Рационал сандардың ішкі жиынын Эйлер-Венн дөңгелектері арқылы кескіндеу

6.1.1.4 координаталық түзудің анықтамасын білу және координаталық түзу салу.

6.1.2.9 координаталық түзуде рационал сандарды кескіндеу.

6.1.2.13 таңбалары бірдей, таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосу.

6.1.2.14 рационал сандарды азайтуды орындау.

6.1.2.24 координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығын табу.

Бағалау критерийі

Білім алушы


- Сандардың берілген жиынын анықтап, Эйлер-Венн диаграммасында кескіндейді.
- Координаталық түзуде нүктелерді салады.
- Рационал сандарды қосады және азайтады.
- Координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығын табады.

Ойлау дағдыларының деңгейі білу және түсіну, қолдану.

Орындау уақыты: 25 минут


Тапсырмалар

1. 25; -2; 0; $-2\frac{1}{5}$; 11,5; -3,5; $\frac{7}{11}$; 7; -14 берілген сандардың қай жиында жататын көрсетіліп тұрған түстерге сәйкес бояп көрсет



[3]

2. А(-4), В(2) координатасымен АВ кесіндісі берілген -С нүктесі ортасы. Осы нүктелерді координаталық сәуледе белгілеп көрсетіңіз



[3]

3. Есептеп жауабын сәйкестендіріңіз:

- | | |
|-------------------|---------|
| 1. $12,7+(-1,7)$ | А. -11 |
| 2. $-2,5- (+8,5)$ | В. -5,8 |
| 3. $-9,3- (-3,5)$ | С. 5,8 |
| 4. $4,7+ /-1,1/$ | Д. 11 |

[4]

4. А(-3), В (4), нүктелері берілген. $|AB|$ -ның ұзындығын табыңыз.

[2]

Тапсырма №	Бағалау критерилері	Дискрипторлар	ұпай
		Білім алушы	
1	Сандардың берілген жиынын анықтап, Эйлер-Венн диаграммасында кескіндейді	Натурал сандарды таңдайды	1
		Бүтін сандарды таңдайды	1
		Рационал сандарды таңдайды	1
2	Координаталық түзуде нүктелерді салады	А және В нүктелерін суретте белгілейді	1
		С нүктесінің координатасын табады	1
		С нүктесінің координатасын түзуде белгілейді	1
3	Рационал сандарды қосады және азайтады	Таңбалары әртүрлі сандарды қосады	1
		Таңбалары әртүрлі сандарды азайтады	1
		Таңбалары бірдей сандарды азайтады	1
		Санның модулі бойынша есептеуді жүргізу	1
4	Координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығын табады	Кесіндінің ұзындығын табу формулсын анықтайды	1
		АВ кесіндісінің ұзындығын табады	1
Жалпы ұпай			12

2 тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар «Рационал сандар амалдар қолдану» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып:

Рационал сандарды қосу мен көбейтудің терімділік қасиеттері.

Рационал санды шексіз периодты ондық бөлшек түрінде беру.

Шексіз периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру.

Рационал сандарға амалдар қолдану.

Мәтінді есептер шығару.

Оқу мақсаты:

6.1.2.17 Рационал сандарды қосу мен көбейтудің қасиеттерін қолдану.

6.1.2.16 рационал санды бөлуді орындау.

6.1.2.21 шексіз периодты ондық бөлшекті жәй бөлшекке айналдыру.

6.1.2.22 рационал сандармен арифметикалық амалдар орындау.

6.5.1.4 рационал сандарды қолданып мәтінді есептерді шығару.

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Рационал сандарға қосу мен көбейтудің қасиеттерін қолданады.

- Шексіз периодты ондық бөлшекті жәй бөлшекке айналдырады.

- Рационал сандармен арифметикалық амалдар орындайды.
- Рационал сандарды қолданып мәтінді есептерді шығарады.

Ойлау дағдыларының деңгейі білу және түсіну, қолдану.

Орындау уақыты

25 минут

Тапсырмалар

1. Есептеңіз:

а) $-9,6 : 12$

ә) $-0,35 : (-0,07)$

б) $-2 \cdot 3,6 \cdot (-5)$

в) $2 \frac{7}{20} \cdot (-\frac{15}{47})$

[4]

2. $0,23(7)$ шексіз периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдырудың дұрыс жолын табыңыз:

А) $0,23(7) = \frac{237-7}{900} = \frac{230}{900} = \frac{23}{90}$

В) $0,23(7) = \frac{237-23}{900} = \frac{214}{900} = \frac{107}{450}$

С) $0,23(7) = \frac{237-23}{990} = \frac{214}{990} = \frac{107}{495}$

Д) $0,23(7) = \frac{237-7}{990} = \frac{230}{990} = \frac{23}{99}$

[2]

3. Өрнектің мәнін салыстырыңыз:

а) $-24 \cdot 6$ және 0 ;

ә) $-\frac{4}{9} \cdot (-\frac{5}{13})$ және 0

[2]

4. Али бір сан ойлады. Осы саннан $-0,6$ -ны азайтып, нәтижесін $1,2$ -ге көбейткенде $10,2$ саны шықты. Али бастапқыда қандай сан ойлаған еді? [4]

Тапсырма №	Бағалау критерилері	Дискрипторлар	ұпай
		Білім алушы	
1	Рационал сандарға қосу мен көбейтудің қасиеттерін қолданады	Таңбалары әртүрлі рационал санды бөледі	1
		Таңбалары бірдей рационал сандарды бөледі	1
		Көбейтудің қасиетін қолданады	1
		Таңбалары әртүрлі сандарды көбейтеді	
2	Шексіз периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдырады	Шексіз периодты ондық бөлшекке айналдыру ережесінің дұрыс қолдануын табады	1
		Қысқарған бөлшекті тексеріп көреді	1
3	Рационал сандармен арифметикалық амалдар орындайды	Теріс санның 0 -ден кіші екенін қолданады	1
		Оң санның 0 -ден үлкен екенін қолданады	1
4		Санды өрнек құрастырады	1
		Амал ретін дұрыс табады	1

	Рационал сандарды қолданып мәтінді есептерді шығарады	Амалдарды дұрыс орындайды	1
		Есептің жауабын табады	1
Жалпы ұпай			12

«Алгебралық өрнектер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып:

Айнымалы. Айнымалысы бар өрнек. Жақшаларды ашу.

Коэффициент. Ұқсас қосылғыштар.

Ұқсас қосылғыштарды біріктіру. Өрнектерді тепе-тең түрлендіру.

Тепе-теңдік. Алгебралық өрнектерді түрлендіру. Мәтінді есептерді шығару.

Оқу мақсаты:

6.2.1.2 айнымалылардың берілген рационал мәндері үшін алгебралық өрнектердің мәнін есептеу

6.2.1.5 жақшаларды ашу ережелерін білу

6.2.1.7. алгебралық өрнектерде ұқсас мүшелерді біріктіруді орындау

6.2.1.9 алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау

6.5.2.4 мәтінді есептер шығаруда айнымалысы бар өрнектер мен формулалар құрастыру

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Айнымалылардың берілген рационал мәндері үшін алгебралық өрнектердің мәнін есептейді

- Жақшаларды ашу ережелерін қолданады және алгебралық өрнектерде ұқсас мүшелерді біріктіреді

- Алгебралық өрнектердегі айнымалылардың коэффициенттерін анықтайды

- Мәтінді есеп шығаруда айнымалысы бар өрнек құрастырады

Ойлау дағдыларының деңгейі білу және түсіну, қолдану

Орындау уақыты

25 минут

Тапсырмалар

1. Өрнектің мәнін табыңыз.

$8,5y + (x-9,3)$, мұндағы $x=4, y=2$ [3]

2. Өрнекті ықшамдаңыз:

$-5(2-4x) - 8(x-7) - 2x$ [3]

3. Тепе-тең жұптарды сәйкестендіріңіз:

$-(2-x)+11$	○
$4(2,5x-7)$	○
$-(3a-4b)$	○

○	$10x-28$
○	$4b-3a$
○	$x+9$

[4]

4. Өзен жағасындағы екі пункт арасын қайық ағыспен 2 сағ жүзсе, ағысқа қарсы 3 сағат жүзеді. Қайықтың меншікті жылдамдығы 6 км/сағ

а) қайықтың ағыспен жүрген жолын;

б) қайықтың ағысқа қарсы жүрген жолын;

в) өзен жағасындағы екі пункттің арақашықтығы неше километр.

Тапсырма №	Бағалау критерилері	Дискрипторлар	ұпай
		Білім алушы	
1	Айнымалылардың берілген рационал мәндері үшін алгебралық өрнектердің мәнін есептейді	Айнымалының берілген мәнін орнына қояды	1
		Амалдарды орындайды	1
		Өрнектің мәнін табады	1
2	Жақшаларды ашу ережелерін қолданады және алгебралық өрнектерде ұқсас мүшелерді біріктіреді	Жақшаларды ашады	1
		Рационал сандармен амалдарды орындайды	1
		Ұқсас мүшелерді біріктіреді	1
3	Алгебралық өрнекпен берілген тепе-теңдікті дәлелдейді	Жақшаларды ашады	1
		Өрнектерді ықшамдайды	
		Тепе тең өрнекті табады	1
		Өрнектерді сәйкестендіреді	
4	Мәтінді есеп шығаруда айнымалысы бар өрнек құрастырады	Ағыспен жүрген жолдың өрнегін жазады	1
		Ағысқа қарсы жүрген жолдың өрнегін жазады	1
		Барлық жолдың өрнегін жазады	1
		Өзен жағасындағы екі пункттің арақашықтығын табады	1
		Ағыс жылдамдығын табады	
Жалпы ұпай			15

3 тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар «Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып:

Санды теңдіктер және олардың қасиеттері

Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу. Мәндес теңдеулер

Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу.

Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңдеуді шешу.

Теңдеулер көмегімен мәтінді есепті шешу.

Оқу мақсаты:

6.2.2.2 бір айнымалысы бар сызықтық теңдеудің, мәндес теңдеудің анықтамасын білу;

6.2.2.3 бір айнымалысы бар сызықтық теңдеуді шешу;

6.2.1.7. алгебралық өрнектерде ұқсас мүшелерді біріктіруді орындау;

6.2.2.4 $|x \pm a| = b$ түріндегі теңдеуді шешу, мұндағы a, b –рационал сандар;

6.5.1.6 мәтінді есептерді сызықтық теңдеулер арқылы шығару;

Бағалау критерийі

Білім алушы


- Мәндес теңдеулердің анықтамасын қолданады
- Сызықтық теңдеуді шешеді
- Модуль таңбасы бар теңдеулерді шешеді
- Сызықтық теңдеу құру арқылы мәтінді есепті шешеді

Ойлау дағдыларының деңгейі білу және түсіну, қолдану

Орындау уақыты 25 минут

Тапсырмалар

1. Берілген теңдеулердің ішінен мәндес теңдеулерді байланыстырыңыз.



[3]

2. Теңдеуді шешіңіз:

$$5x + 2(x - 4) = 4(x - 7)$$

[3]

3. Теңдеуді шешіңіз:

а) $|x - 16| = 7$;

б) $|5x - 2, 7| + 7 = 2$

[4]

4. Теңдеу құру арқылы шығарыңыз:

А және В кемежай арақашықтығын катер өзен ағысымен 6 сағатта жүзіп өтті. Өзен ағысының жылдамдығы 2 км/сағ. Ағысқа қарсы жүзе отырып кейін қайтып келуге 7 сағат жұмсады. Катердің меншікті жылдамдығын табыңыз.

[3]

Тапсырма №	Бағалау критерилері	Дискрипторлар	
		Білім алушы	ұпай
1	Мәндес теңдеулердің анықтамасын қолданады	Айнымалыларды бір жағына санды екінші жағына шығарып түрлендіреді	1
		Белгісіздерді табады	1
		Жауаптарына қарай мәндес теңдеулерді анықтайды	1
2	Сызықтық теңдеуді шешеді	Айнымалылардың теңдіктің бір жағына сандарды екінші жағына көшіреді	1
		Есептеулерді орындайды	1
		Шешімін табады	1
3	Модуль таңбасы бар теңдеулерді шешеді	Сызықтық теңдеуге көшеді	1
		1-ші теңдеуді шешеді	1
		2-ші теңдеуді шешеді	1
		Теңдеудің шешімі жоқ екенін тұжырымдайды	1
4	Сызықтық теңдеу құру арқылы мәтінді есепті шешеді	Шартына қарай есептің теңдеуін құрады	1
		теңдеуді шешеді	1
		Жауабын жазады	1
Жалпы ұпай			13

«Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып:

Санды теңсіздіктер және олардың қасиеттері

Сана аралықтары. Сан аралықтарының бірігуі мен қиылысуы

Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік.

Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу.

Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесі.

Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу.

Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік .

Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздікті шешу.

Оқу мақсаты:

6.2.2.6 теңсіздіктерді қосу, азайту, көбейту және бөлуді түсіну және қолдану;

6.2.2.8 сан аралықтарын кескіндеу;

6.2.2.9. сан аралықтарының бірігуін мен қиылысуын табу;

6.2.2.13 теңсіздіктердің шешісін сана аралығы арқылы және берілген сан аралығын теңсіздік түрінде жазу ;

6.2.2.14 бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу;

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Теңсіздіктерге амалдар қолданады
- Сан аралықтарының бірігуі мен қиылысуын табады
- Берілген сан аралығын теңсіздік түрінде жазады
- Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешеді

Ойлау дағдыларының деңгейі білу және түсіну, қолдану


Орындау уақыты 25 минут

Тапсырмалар

1. $1 < a < 5$; $3 < b < 8$ теңсіздіктерін қолданып $a + b$; $a \cdot b$ бағалаңдар.

[2]

2. Берілген сан аралықтарының қиылысуы мен бірігуін жазыңыз:



[3]

3. Берілген сан аралығын сан түзуінде кескіндеп, қос теңсіздік және теңсіздік арқылы жазыңыз:

$(7;9]$ және $(-\infty; 4)$

[2]

4. Теңсіздіктер жүйесінің бүтін шешімдерін табыңыз:

$$\begin{cases} 2x + 5 \leq x + 9 \\ 5x + 3 > 3x - 4 \end{cases}$$

[5]

Тапсырма №	Бағалау критерилері	Дискрипторлар	ұпай
		Білім алушы	
1		Теңсіздіктерді қосады	1

	Теңсіздіктерге амалдар қолданады	Теңсіздіктерді көбейтеді	1
2	Сан аралықтарының бірігуі мен қиылысуын табады	Сан аралықтарының қиылысуын табады	1
		Сан аралықтарының бірігуін табады	1
		Сан аралықтарымен дұрыс жазады	1
3	Берілген сан аралығын теңсіздік түрінде жазады	Сан аралығында кескіндейді	1
		Қос теңсіздік арқылы жазады	1
		Сан аралығын кескіндейді	1
		Теңсіздік арқылы жазады	1
4	Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешеді	Теңсіздікті $kx > b$, $kx < b$, $kx \geq b$ түріне келтіреді	1
		Бірінші теңсіздікті шешеді	1
		Екінші теңсіздікті шешеді	1
		Сан аралықтарының қиылысуын табады	1
		Бүтін шешімдерін жазады	1
Жалпы ұпай			14

«Координаталық жазықтық» және «Кеңістіктегі фигуралар» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып:

Координаталық жазықтық. Тікбұрышты координаталар жүйесі.

Центрлік симметрия. Осьтік симметрия. Фигуралардың кеңістікте орналасуы. Кеңістік фигураларын кескіндеу, «көрінбейтін» сызықтар. Вектор ұғымы

Оқу мақсаты:

6.3.1.6 осьтік және центрлік симметриясы болатын фигуралар туралы түсінігі болуы; симметриялық және центрлік симметриялы фигураларды ажырату;

6.3.2.3 кесінділердің, сәулелер мен түзулердің бір-бірімен, координаталық осьтермен қиылысу нүктелерінің координаталарын графиктік тәсілмен табу; 6.3.2.5. тік бұрышты координаталар жүйесінде координаталар басы және координаталық осьтерге қатысты симметриялы нүктелер мен фигураларды салу;

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Осьтік симметриялы және центрлік симметриялы фигураны ажыратады
- Координаталық осьтермен қиылысу нүктелерінің координаталарын графиктік тәсілмен табады


- Тік бұрышты координаталар жүйесінде координаталар басы және координаталық осьтерге қатысты симметриялы фигураларды салады

Ойлау дағдыларының деңгейі білу және түсіну, қолдану

Орындау уақыты 25 минут

Тапсырмалар

1. Мына фигуралар арасынан осьтік симметриялы фигураларды, центрлік симметриялы фигураны табыңыз және неше осі бар соны жазыңыз.



[3]

2. Координаталық жазықтықта $A(0;0)$, $B(0;4)$ және $C(4;4)$ нүктелерін белгілеп, солар бойынша $ABCD$ шаршының D төбесін тауып салыңыз.

$ABCD$ шаршының симметрия центрін тауып, координатасымен жазыңыз.

[4]


3. Берілген суретті қолдана отырып

а) абсцисса осіне қарағанда симметриялы

б) ордината осіне қарағанда симметриялы нүктелерді

в) координаталар бас нүктесіне қарағандағы симметриялы нүктелерді тауып әріптермен белгілеп, координаталарын жазыңыз.

г) симметрия осі бар ма? Жауаптарын жазыңыз.



[5]

Тапсырма №	Бағалау критерілері	Дискрипторлар	ұпай
		Білім алушы	
1	Осьтік симметриялы және центрлік симметриялы фигураны ажыратады	Центрлік симметриясы бар фигураны табады	1
		Осьтік симметриясы бар фигураны жазады	1
		Әр фигураның симметрия осьтерінің санын жазады	1
2	Координаталық осьтермен қиылысу нүктелерінің координаталарын графиктік тәсілмен табады	Нүктелерді координаталық жазықтықта салады	1
		D төртінші төбесін табады	1
		Координаталық жазықтықта шаршыны салады	1
		Шаршының симметрия центрін табады	
3	Тік бұрышты координаталар	Абсцисса осіне қарағандағы симметриялы нүктелерді табады	1

	жүйесінде координаталар басы және координаталық осьтерге қатысты симметриялы фигураларды салады	Ордината осіне қарағанда симметриялы нүктелерді табады	1
		Координаталар бас нүктесіне қарағандағы симметриялы нүктелерді табады	1
		Нүктелерді координаталарымен жазады	1
		Симметрия осін анықтайды	1
Жалпы ұпай			12

**4 тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар
«СТАТИСТИКА. КОМБИНАТОРИКА» бөлімі бойынша жиынтық бағалау**

Тақырып:

Статистикалық деректер және олардың сипаттамалары: Арифметикалық орта, медиана, мода, өзгеріс ауқымы.

Қозғалыстың орташа жылдамдығын табуға есептер шығару

Іріктеу тәсілі арқылы комбинаторикалық есептер шығару.

Оқу мақсаты:

6.4.3.1 бірнеше сандардың арифметикалық ортасы, санды деректердің өзгеріс ауқымы, модасы, медианасының анықтамаларын білу;

6.4.3.2 статистикалық санды сипаттамаларды есептеу;

6.4.2.1 іріктеу тәсілімен комбинаторикалық есептерді шығару;

6.5.1.5 қозғалыстың орташа жылдамдығын табуға есептер шығару.

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Сандық қатардағы статистикалық сипаттамалардың анықтамаларын біледі.
- Нұсқалар ағашын тұрғызуға арналған комбинаторикалық есептерді шешеді.
- Қозғалыстың орташа жылдамдығын табуға арналған есептерді шығарады.

Ойлау дағдыларының деңгейі білу және түсіну, қолдану.

Орындау уақыты 25 минут

Тапсырмалар

1. Сәуір айының бірінші аптасындағы ауаның тәуліктік температурасы: 16°C ; 14°C ; 17°C ; 14°C ; 20°C ; 17°C ; 15°C

Осы аптаның орташа температурасының :

- 1) Арифметикалық ортасы неше градус?
- 2) Медианасы неше градус?
- 3) Модасы неше градус?
- 4) Өзгеріс ауқымы неше градус?

[4]

2. Бауыржан, Мәди, Арнур, Еңлік, Назерке бір-бірімен қол алып амандасты. Олар барлығы неше рет қол алып амандасты? Жауабын нұсқалар ағашын құрып көрсетіңіз.

[3]

3. Арман бір қаладан екінші қалаға 120 км/сағ жылдамдықпен автокөлікпен, кері қайтар жолда 80 км/сағ жылдамдықпен автобуспен жүріп өтті. Екі қаланың арақашықтығы 240 км болса, Арманның бір қаладан екінші қалаға деінгі барып қайтқандағы орташа жылдамдығын табыңыз.

Тапсырма №	Бағалау критерилері	Дискрипторлар	ұпай
		Білім алушы	
1	Сандық қатардағы статистикалық сипаттамалардың анықтамаларын біледі	Арифметикалық ортаны табады	1
		Моданы табады	1
		Медиананы табады	1
		Өзгеріс ауқымын табады	1
2	Нұсқалар ағашын тұрғызуға арналған комбинаторикалық есептерді шешеді	Ағаш нұсқасын дұрыс құрастырады	1
		Іріктеу тәсілін дұрыс таңдайды	1
		Жауабын дұрыс жазады	1
3	Қозғалыстың орташа жылдамдығын табуға арналған есептерді шығарады	Автокөлікпен жүрген уақытты табады	1
		Автобуспен жүрген уақытты табады	1
		Барлық жолды есептейді	
		Орташа жылдамдықты табу формуласын қолданады	1
		Орташа жылдамдықты табады	1
Жалпы ұпай			12

«Шамалар арасындағы тәуелділіктер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып:

Шамалар арасындағы тәуелділікті берілу тәсілдері: аналитикалық (формула арқылы) , кестелік, графиктік тәсіл.

Нақты процестердің графиктерін қолданып шамалар арасындағы тәуелділіктерді зерттеу

Оқу мақсаты:

6.5.2.5 шамалар арасындағы тәуелділікке есептер шығару;

6.5.2.7 сипаттамасы бойынша тәуелділіктің формуласын жазу;

6.5.2.10 шынайы процестердің графиктерін қолданып, шамалар арасындағы тәуелділікті табу және зерттеу;

6.5.2.11 тура пропорционал шамалардың аасындағы шынайы тәуелділіктердің графиктеріне талдау беру;

6.5.2.12 сипаттамасы бойынша тура пропорционалдың формуласын жазу;

6.5.2.13 тура пропорционалдың графикін салу;

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Сипаттамасы бойынша тәуелділіктің формуласын жазады

• шынайы процестердің графиктерін қолданып, шамалар арасындағы тәуелділікті табады

- Тура пропорционалдың кестесін толтырады және графикін салады

Ойлау дағдыларының деңгейі білу және түсіну, қолдану

Орындау уақыты 25 минут

Тапсырмалар

Сабақты жоспаралғанда баланың ең жақын даму аймағын ескеріп отырамын. Оқу тапсырмаларын өз бетінше орындауға мүмкіндік беретін деңгейге жеткенге дейін сүйемелдеуге тырысамын. Және сабақтың басында баланың сабаққа қандай көңіл –күймен келгеніне назар аударамын. Тақырыпты игеру және сабақтағы белсенділігі оның көңіл күйіне тікелей байланысты. Сондықтан тыныштық, мейірімділік пен түсіністік атмосферасын құру, сабаққа бейімдеу, зейінін шоғырландыру мақсатымен жағымды сөз айтып, баланың ең аз жетістігін ескеріп және көтермелеп, оны өз күші мен мүмкіндігіне деген сенімін дамытуға тырысамын. Сабақта қойған мақсатымды баланың қабылдауына және түсінуіне көңіл аударамын. Баланы осы сабақта не істейтіні туралы әңгімелеуге тартамын. Математиканы оқып үйрену ол үшін қатты шаршамайтындай ете отырып, өзінің қабілеттері мен мүмкіндіктеріне деген сенімін оқу барысында жоғалтпауы керек. Және бала күрделі нұсқаулықтарды түсінбейді. Осы мақсаттармен оқу материалын кішкене бөліктерге бөліп, сол

бөліктердің игеру деңгейін үнемі бақылап отырып, оқушыға өзінің жеке қарқынымен жұмыс істеуіне мүмкіндік беремін. Мысалы, 1) 13^2-9^2 мысалды жаз; 2) бірінші өрнекті тап; 3) ол формуладағы қандай әріптің орнында тұр? 4) екінші өрнекті тап; 5) ол формуладағы қандай әріптің орнында тұр? 6) оларды формула бойынша бірінші жақшаға қой; 7) оларды формула бойынша екінші жақшаға қой; 8) бірінші жақшадағы амалды орында; 9) екінші жақшадағы амалды орында; 10) шыққан сандарды көбейт. Әр тапсырма ауызша да, жазбаша түрінде де және қысқа түрінде беріледі, қосымша есеп шешу үлгісі, шешу алгоритмі көмекші карталар ұсынылады.

М.Т., тақырыпты қаншалықты жақсы меңгергеніне қарамай, біраз уақыттан кейін оны ұмытып кетеді. Сондықтан өткен тақырыптарға жүйелі түрде қайта оралып, үнемі білімін бақылап және бағалап отырамыз. Мысалы, дәрежеге байланысты тақырыпты қайталау үшін, біртіндеп сабақ сайын күрделендіре отыра, ауызша санауды жиі қолданамыз: 1) 1-ден 10 – ға дейінгі сандардың квадраттарын ата; 2) қатарда тізбектелген сандардың квадраты берілген 1; 4; 9; 16;

36. Қандай санның квадраты бос орында болу керек?

Математикалық диктантты жиі өткізіп тұрамын. Ол таныс, бұрын өткен тақырыптарға берілетіндіктен және М.Т. ауызша жақсы қабылдайтындықтан өте тиімді. Бұл әдістер оның есте сақтау қабілетін дамытуға ықпалын тигізеді. Тез шаршауды болдырмау мақсатында баланы бір әрекет түрінен екіншісіне ауыстырып отыруға, әртүрлі әрекет түрлерін пайдалануға тырысамын. Қызықты белсенділік, сәттілік сезімі, достық қарым-қатынас тиімді жұмыстың міндетті шарты болып табылады. Сондықтан сабақта ұжымдық іс-әрекет түрлерін ұйымдастыру барысында баланы барынша басқа оқушылармен жұмыс істеуге ынталандырамын. Бала нақты түсіне отырып, мазмұнына жету үшін, сұрақтарды дәл, қысқа қойып, жауап беруге асықтырмай, ойлануға уақыт беремін. Сабаққа қызығушылығын тудыру үшін және баланың жақсы эмоционалды көңіл-күйін қолдау үшін түрлі-түсті дидактикалық материалды қолданып, сабаққа ойын сәттерін енгіземін. Мысалы, терминдерге байланысты жұмбақ, кроссворд, формулаларға байланысты сәйкестендіру әдістерін қолданамын. Кез-келген сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (презентация, электрондық оқулық, [Advanced Grapher](#), [geogebra.org](#), [desmos.com/calculator](#) және т.б бағдарламалар) қолданылуы, М.Т. танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Оның өз бетінше жұмыс істеу дағдылары дамиды.

5. Бөлім бойынша және тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастырған уақытта ең алдымен баланың ерекшеліктерін ескеремін. Оқушының ойлау, зейін, есте сақтау сияқты психикалық процестерін дамыту мақсатымен міндетті түрде тапсырманың шығару үлгісін беремін. Тапсырманы орындау барысында іс-әрекетті жеке бөліктерге, операцияларға бөліп әр қадамына нақты нұсқаулық енгіземін, олар бір-бірінің байланысын түсінуге мүмкіндік береді.

6. Сабақта ұжымдық іс-әрекет түрлерін ұйымдастыру барысында баланың мінез-құлқына байланысты оны ұжымдық жұмысқа қосу әлі де қиындық тудырады. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру – баланың жалпы дамуын жақсартуға бағытталған жұмыстағы қажетті байланыстардың бірі болғандықтан, М.Т. сөйлеу белсенділігін дамыту керек. Ол өзінің ойлау жолын айтуы керек, әртүрлі тапсырмаларды шешудегі әрекеттерін түсіндіруі керек. Осы бағыттағы жұмыс қазіргі уақытта аз болып тұр. Өзінің іс-әрекетін еркін ұйымдастыруда қиындықтар сезінеді, әрдайым мұғалімнің көмегіне сүйенеді. Баланың осы қызметін ынталандыру ең маңызды міндеттеріміздің бірі болып тұр. Тағы бір өзімде дамытуды талап ететін маңызды мәселелердің бірі баланың оқудағы жетістіктерін бағалауда жеке тәсілдерді пайдалану. Баланың тек қана соңғы әрекетін емес, оның әрекетін, дамуындағы динамиканы бағалау маңызды болғандықтан тиімді әдістерді іздестіріп қолдануым керек. М.Т. оқу дағдыларын игерудің оң динамикасы көрінсе де, оның төмен оқу қабілеті сақталады. Сондықтан баланың әлеуметтік бейімделу қабілетін дамыту барысында практикаға бағытталған тапсырмаларды дайындау тағы бір маңызды мәселе.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау (психикалық дамуы тежелген балалар үшін)

Сынып: 7

Пән: Алгебра

Бөлім: «Бүтін көрсеткішті дәреже»

1-ТОҚСАН

Тақырып

Натурал көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері

Бүтін көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері

Құрамында дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру

Санның стандарт түрі

Оқу мақсаты

7.2.1.1 санды өрнектердің мәндерін табуда бүтін көрсеткішті дәреже қасиеттерін қолдану

7.1.2.5 алгебралық өрнектерді ықшамдауда дәрежелердің қасиеттерін қолдану

7.1.2.10 шамаларды бір өлшем бірліктен екінші өлшем бірлікке айналдыру және оны стандарт түрде жазу

Бағалау критерийі. Білім алушы:

Бүтін көрсеткішті дәреже қасиеттерін қолданып, санды өрнектердің мәндерін табады

Алгебралық өрнектерді ықшамдау барысында дәреже қасиеттерін қолданады


Сандарды стандарт түрде жазады

Ойлау дағдыларының деңгейлері: Қолдану, талдау

Орындау уақыты: 20 минут

№	Тапсырма	Балл	Шкала
1	<p>а) Есептың шығару үлгісі берілген</p> <p>=</p> <p>Үлгіге қарап төмендегі есепті шығар (бос ұяшықтарға жаз)</p>		2

	<div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;"> <div style="border: 1px solid black; width: 40px; height: 20px; margin: 5px;"></div> <div style="border: 1px solid black; width: 40px; height: 20px; margin: 5px;"></div> <div style="border: 1px solid black; width: 100px; height: 20px; margin: 5px;"></div> <div style="border: 1px solid black; width: 40px; height: 20px; margin: 5px;"></div> </div> <p style="margin-left: 20px;">=</p>	
	<p>б) Есептың шығару үлгісі берілген</p> <div style="margin-left: 20px;"> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;"> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px;">2^5</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px;">2^3</div> </div> <div style="text-align: center; margin: 5px;">:</div> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;"> <div style="text-align: center;">↙</div> <div style="text-align: center;">↘</div> </div> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center; margin-top: 10px;"> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px;">2^{5-3}</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px;">2^2</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px;">$2 \cdot 2$</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px;">4</div> </div> </div> <p style="margin-left: 20px;">Үлгіге қарап төмендегі есепті шығар (бос ұяшықтарға жаз)</p> <div style="margin-left: 20px;"> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;"> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px;">4^7</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px;">4^5</div> </div> <div style="text-align: center; margin: 5px;">·</div> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;"> <div style="text-align: center;">↙</div> <div style="text-align: center;">↘</div> </div> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center; margin-top: 10px;"> <div style="border: 1px solid black; width: 40px; height: 20px;"></div> <div style="border: 1px solid black; width: 40px; height: 20px;"></div> <div style="border: 1px solid black; width: 40px; height: 20px;"></div> <div style="border: 1px solid black; width: 40px; height: 20px;"></div> </div> </div>	2
2	<p>Сәйкестендіру:</p> <p style="margin-left: 40px;">1) Сол жақтағы өрнектерге қара</p> <div style="margin-left: 20px;"> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; margin-bottom: 10px;">$a^{12} \cdot a^5 \cdot a^3$</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; margin-bottom: 10px;">$(a^2)^{-4}$</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px;">$a^{10} : a^7$</div> </div> <div style="margin-left: 400px; margin-top: 20px;"> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; margin-bottom: 10px;">a^3</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; margin-bottom: 10px;">a^8</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px;">a^{-8}</div> </div>	4

	$a^{12} \cdot a^4 : a^8$ 2) Әр өрнектің мәнін тап 3) Сол жақтағы жауаптарымен сәйкестендір	a^{20}	
3	Санды стандарт түріне келтіру үлгісіне қара $14\,500\,000 = 1,45 \cdot 10^7$;  Осы санды стандарт түріне келтіру алгоритмін оқы 1) Бірінші цифрды үтірмен айырамыз 2) Бірінші цифрдан кейінгі цифрларды санаймыз - 7 3) Үтірден кейінгі нөлдерді алып тастаймыз 4) 7 цифрын 10 саның дәрежесі түрінде алып көбейтеміз Үлгі мысалды түсінгеннен кейін келесі сандарды стандарт түрге келтір 1) $2\,4160\,000 =$ 2) $753\,000\,000 =$		2
	Жалпы балы		10

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор		Балл
		<i>Білім алушы</i>		
Бүтін көрсеткішті дәреже қасиеттерін қолданып, санды өрнектің мәнін табады.	1 а	Негіздері бірдей дәрежелерді көбейту қасиетін қолданады	1	
		Өрнектің мәнін табады	1	
	1 б	Негіздері бірдей дәрежелерді бөлу қасиетін қолданады.	1	
		Өрнектің мәнін табады	1	
Алгебралық өрнектерді ықшамдау барысында дәреже қасиеттерін қолданады.	2	Негіздері бірдей дәрежелерді көбейту қасиетін қолданады	1	
		Дәрежені дәрежеге шығару қасиетін қолданады	1	
		Негіздері бірдей дәрежелерді бөлу қасиетін қолданады;	1	
		Негіздері бірдей дәрежелерді көбейту және бөлу қасиеттерін қолданады	1	
Санды стандарт түрде жазады	3	Бірінші санды стандарт түрде жазады	1	
		Екінші санды стандарт түрде жазады	1	





Бөлімше	Геометрияның негізгі ұғымдары. Аксиома. Теорема Фигуралар теңдігі Сыбайлас және вертикаль бұрыштар, олардың қасиеттері
Оқыту мақсаты	7.1.1.5 кесінді, сәуле, бұрыш, жартыжазықтық анықтамаларын білу 7.1.1.6 кесінділер мен бұрыштарды өлшеу аксиомаларын білу және қолдану 7.1.1.10 сыбайлас және вертикаль бұрыштардың қасиеттерін дәлелдеу және қолдану
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы:</i> <ul style="list-style-type: none"> • Сызба бойынша геометриялық фигураларды анықтайды • Есепті шығаруда кесінділерді және бұрыштарды өлшеу аксиомаларын қолданады • Есептер шығаруда сыбайлас және вертикаль бұрыштардың қасиеттерін қолданады
Ойлау дағдыларының деңгейлері	Білу және түсіну Қолдану, талдау
Орындау уақыты	25 минут






Бөлім бойынша жиынтық бағалау (психикалық дамуы тежелген балалар үшін)

Сынып: 7

Пән: Алгебра

Бөлім: «Геометрияның алғашқы мәліметтері» 1-ТОҚСАН

№	тапсырма	балы	шкала
1	<p>Сәйкестендіру: Сол жақтағы сөздерді сәйкес суреттермен қос</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;"> <div style="text-align: center;"> <p>Кесінді</p>  </div> <div style="text-align: center;"> <p>Сәуле</p>  </div> <div style="text-align: center;"> <p>Бұрыш</p>  </div> <div style="text-align: center;"> <p>Түзу</p>  </div> </div>		5

	<p>Жартыжазықтық</p> 		
2	<p>a) 1. Есептің шығару үлгісіне қара</p> <p>15 см 6 см</p>  <p>$AB = 15 \text{ см}, BC = 6 \text{ см}$ $AC = AB + BC = 15 + 6 = 21 \text{ (см)}$</p> <p>2. Суретке қара $BC = 7 \text{ см}, CN = 10 \text{ см}$</p>  <p>3. BN - ды тап</p>	2	
2	<p>б) 1. Есептің шығару үлгісіне қара</p>  <p>$\angle EOA = \angle EOB + \angle BOA = 30^\circ + 45^\circ = 75^\circ$</p> <p>2. Суретке қара</p>  <p>3. $\angle AOB$-ны тап</p>	2	
3	1. Екі түзу сыз, олар қиылысу керек		7

	<p>2. Неше бұрыш шықты?</p> <p>3. Шыққан бұрыштарды 1,2,3,4 деп белгіле</p> <p>4. Қай бұрыштар тең?</p> <p>5. Ол бұрыштардың аты вертикаль ма, әлде сыбайлас па?</p> <p>6. Көршілес бұрыштарды қалай атайды?</p>		
	Жалпы балы		16

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор	
		Білім алушы	Балл
Сызба бойынша геометриялық фигураларды анықтайды.	1	кесіндіні көрсетеді	1
		сәулені көрсетеді	1
		бұрышты көрсетеді	1
		түзуді көрсетеді	1
		жартыжазықтықты көрсетеді	1
Есепті шығаруда кесінділерді және бұрыштарды өлшеу аксиомаларын қолданады	2а	BN -ді BC және CN арқылы өрнектейді	1
		BN -ның мәнін табады	1
	2б	$\angle AOB$ -ны өрнектейді	1
		$\angle AOB$ -ның мәнін табады	1
Есептер шығаруда сыбайлас және вертикаль бұрыштардың қасиеттерін қолданады	3	екі қилысатын түзу сызады	1
		бұрыштың санын анықтайды	1
		бұрыштарды белгілейді	1
		тең бұрыштарды көрсетеді	2
		тең бұрыштардың атын атайды	1
		суреттегі көршілес бұрыштарды атайды	1
Барлығы			16

«Алгебра пәні» бойынша №4

1. ТАӘ: Байтурсева Бибинур Абдигафаровна, еңбек өтілі: 13 жыл, санат: II, өңір: Шымкент қаласы №86 ЖОББМ мұғалімі.

2. С.С., 7-сынып

3. Мұғалімнің мақтау, мадақтау сөздерін және оқушылармен тығыз қарым-қатынаста болуды қажет етеді.

Күшті тұстары – ақкөңіл, мейірімді, еңбекқор, ізденімпаз, алдына қойған мақсатына жетуге ұмтылады.

Әлсіз тұстары – есте сақтау қабілеті төмен, есептер шығаруда мұғалімнің және сыныптастарының көмегін көбірек қажет етеді.

4. Мақтау, мадақтау, саралау жұмыстары.

5. Оқушының білім деңгейін, жас ерекшелігін және есеп шығару қабілетін ескеремін.

6. Деңгейлік тапсырмаларды әзірлеу. Әдіс-тісілдерді көбірек қолдану қажет.

7. Сабақтарда пайдаланған БЖБ және ТЖБ тапсырмалары оқушының білім деңгейін ескеру арқылы құрастырылды.

«Алгебралық бөлшектер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты.

Алгебралық бөлшек және оның негізгі қасиеті.

Алгебралық бөлшектерге амалдар қолдану
 Алгебралық өрнектерді тепе- тең түрлендіру

Оқу мақсаты.

7.2.1.18 Алгебралық бөлшектің негізгі қасиетін қолдану

$$\frac{ac}{bc} = \frac{a}{b}, \quad b \neq 0, \quad c \neq 0;$$

7.2.1.19. Алгебралық бөлшектерді қосу және азайту

7.2.1.20 Алгебралық бөлшектерді көбейту және бөлуді дәрежеге шығаруды орындау;

Бағалау . Білім алушы критерийі

- Алгебралық бөлшектерді азайтады
- Алгебралық бөлшектерді қосу және азайту
- Алгебралық бөлшектерді бөлуді орындайды.

Ойлау дағдыларының деңгейлері Қолдану

Орындау уақыты?(20минут)

№1 Өрнекті бөлшек түрінде жазыңыз. 7 [2]
 $12:2(a-b)$

№2 Бөлшектерді қосуды орындаңыз [3]
 $\frac{3a}{5a} + \frac{9b}{5a}$

№3 Амалды орындаңыз. [4]
 $\frac{a^2 - 25}{a - 5} : \frac{a^2 + 5a}{a - 3}$

«Алгебралық бөлшектер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау дескрипторы

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Бөлшекті қысқартуды орындайды	1	Өрнекті бөлшек түрінде жазады.	1
		Бөлшекті қысқартады.	1
Алгебралық бөлшектерді қосу және азайту.	2	Бөлімдері бірдей бөлшектерді қосу ережесін қолданады.	1
		Ортақ көбейткішті жақша сыртына шығарады.	1
		Бөлшекті қысқартуды орындайды.	1
Алгебралық бөлшектерге бөлу амалдарын қолданады.	3	Қысқаша көбейту формуласын қолданады	1
		Ортақ көбейткішті жақша сыртына шығарады	1
		Бөлшекті бөлуді орындайды	1
		Бөлшекті қысқартады.	1
Жалпы балл:			9

Тоқсандық жиынтық бағалаудың тапсырмалары
Алгебра 7 сынып
1-нұсқа

1. Алгебралық бөлшектің қандай мәндерінде бөлшектің мағынасы нөлге тең болады?

$$\frac{a-1}{3a-1} \quad [3]$$

2. Бөлшекті қысқартыңыз:

$$\frac{2a-4}{3(a-2)} \quad [4]$$

3. Амалдарды орындаңыз:

$$\frac{a+b}{x+a} + \frac{a-b}{x+a} \quad [4]$$

4. Өрнекті ықшамдап алып, $a = 6$, $b = 2$ болғандағы мәндерінде өрнектің мәнін есептеңіз:

$$\frac{(a^2+2ab+b^2)}{a^2-b^2} \quad [5]$$

5. Бөлшектерді көбейтуді орындаңыз:

a) $\frac{2m}{30n^2} \cdot 15n^4 \quad [4]$

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
	$3a-1=0$	1	
	$3a = 1$	1	
	$a=\frac{1}{3}$	1	
2	$\frac{2(a-2)}{3(a-2)}$	2	
	$\frac{2}{3}$	2	
3	$\frac{a+b+a-b}{x+a}$	2	
	$\frac{2a}{x+a}$	2	
4	$\frac{(a+b)^2}{(a+b)(a-b)}$	1	
	$\frac{a+b}{a-b}$	1	
	$\frac{6+2}{6-2}$	1	
	$\frac{8}{4}$	1	
	2	1	
5	$\frac{2m}{30n^2} \cdot \frac{15n^4}{1}$	1	

	$\frac{2m}{15n^2 \cdot 2} \cdot \frac{15n^2 \cdot n^2}{1}$	1	
	$\frac{m}{1} \cdot \frac{n^2}{1}$	1	
	mn^2	1	
Барлығы		20	

1. ТАӘ: Хайнешова Шынарғұл Талапеденқызы, еңбек өтілі: 13 жыл, санаты: II, педагог-сарапшы, өңір: Атырау облысы, Атырау қаласы

№13 Д.Байбосынов атындағы ұлттық мектеп-гимназиясы

2. Қ.Ғ., 8-сынып

3. Күшті жақтары: тапсырма қолжетімді болса, тырысады және ынталанады. Әлсіз жақтары: баяу қабылдайды, ұзақ ойланады, сөздік қоры аз, жиі қосымша көмек пен бақылауды қажет етеді.

4. Оқушының ерекше білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру барысында сабақ үстінде қалыптастырушы бағалау тапсырмалары арқылы фигураларды ажыратуға, үлгіге қарап есептелетін, дайын формуламен есептеуге болатын тапсырмалар беремін. Тапсырманы түсінуді жеңілдету үшін жұмысты орындаудың суреттік жоспарын, үлгілер мен көрнекі құралдарды пайдаланамын. Зейінін шоғырландыру мақсатында мадақтаудың әртүрлі тәсілдерін қолданамын.

5. Геометрия пәні бойынша БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын әзірлеуде оқушының икем-дағдыларын ескере отырып, білу және түсіну, қолдануға берілген жеңілдетілген тапсырмалар құрастырамын. Кестелер, сызбалар, формулаларды алдын-ала түсіндіремін. Көбінесе салыстыру және сәйкестендіру, шындық/жалған, көп таңдауы бар, жабық тапсырмаларды беру арқылы оқушыға түсінікті әрі жалықтырмайтындай болуына мән беремін.

6. Осы бағыттағы жұмыстану жолында байқағаным, алдын-ала даярланған тапсырмаларды құрастыруда оның мақсатына, орындау кезеңдеріне назар аудара отырып, материалды түсіну үшін арнайы дидактикалық материалдарды қолдану арқылы оқытуда оң нәтижеге жетуге болады. Оқушының икемді және осал тұстарын анықтап, сол бойынша сәйкес тапсырмалар беріп отырамын. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар үшін оқытудың тиімді тәсілдерін қолданып, сараланған тапсырмаларды құрастырудың тиімділігі жоғары.

8 сыныпқа арналған Геометрия пәнінен құрастырған БЖБ және ТЖБ тапсырмалары

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Көпбұрыштар. Төртбұрыштарды зерттеу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Көпбұрыш. Дөңес көпбұрыш Параллелограмм, ромб, тіктөртбұрыш, шаршы және олардың қасиеттері мен белгілері Трапеция, оның түрлері мен қасиеттері. Трапеция мен үшбұрыштың орта сызықтары
Оқу мақсаты	8.1.1.2 көпбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысының және сыртқы бұрыштарының қосындысының формулаларын қорытып шығару 8.1.1.12 үшбұрыштың орта сызығының қасиетін дәлелдеу және қолдану 8.1.1.4 параллелограммның қасиеттерін қорытып шығару және қолдану 8.1.1.6 тіктөртбұрыш, ромб, шаршы анықтамаларын білу және олардың қасиеттері мен белгілерін қорытып шығару
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы:</i>

Ойлау дағдыларының деңгейі	Көпбұрыштың ішкі бұрыштары қосындысының формулаларын қолданады
	Үшбұрыштың орта сызығының қасиетін қолданып есеп шығарады
Орындау уақыты	Параллелограмның қасиеттерін қолданып, есеп шығарады
	Ромбтың қасиеттерін қолданады және бұрыштарын анықтайды
	Білу және түсіну
	Қолдану
	25 минут

Тапсырмалар

2-	1.	Дұрыс сегізбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысын табыңыз	2балл
	2.	Қабырғалары 7см, 9см және 11см болатын үшбұрыштың орта сызықтары арқылы алынған үшбұрыштың периметрін есептеңіз.	2балл
	3.	Қабырғаларының бірі екіншісінен 2см ұзын <i>ABCD</i> параллелограмы берілген. Егер кіші қабырғасы 5см болса, оның периметрін табыңыз	3балл
	4.	Ромбтың бір диагоналі қабырғасымен 25° бұрыш жасайды. Ромбтың ішкі бұрыштарын табыңыз.	4балл

Баға

қою


Бағалау критерийлері	№	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Көпбұрыштың ішкі бұрыштары қосындысының формулаларын қолданады	1	көпбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы формуласын қолданады	1
		қосындысын табады	1
Үшбұрыштың орта сызығының қасиетін қолданып есеп шығарады	2	үшбұрыштың орта сызығының қасиеттерін қолданады	1
		қабырғаларын табады	1
		үшбұрыш периметрін есептейді	1
Параллелограмның қасиеттерін қолданып, есеп шығарады	3	параллелограмның белгісіз қабырғасын табады	1
		периметр табу формуласын қолданады	1
		жауабын жазады	1
Ромбтың қасиеттерін қолданады және		ромб диагоналы қасиетін қолданады	1
		төбесіндегі бұрышты табады	1

бұрыштарын анықтайды	4	ромбтың(параллелограмның) қарама-қарсы бұрыштарының теңдігін қолданады	1
		іргелес бұрышты табады	1
Жалпы балл			12

ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР
«Тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштары арасындағы қатыстар»
бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Тікбұрышты үшбұрыштың сүйір бұрыштарының тригонометриялық функциялары. Пифагор теоремасы Негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктер Тікбұрышты үшбұрыштарды шешу
Оқу мақсаты	8.1.3.2 бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштарының қатыстары арқылы берілген анықтамаларын білу 8.1.3.24 $\sin\alpha, \cos\alpha, tg\ \alpha$ және $ctg\ \alpha$ мәндерін олардың біреуінің берілген мәні бойынша табу 8.1.3.22 негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктерді қорытып шығару және қолдану 8.1.3.8 берілген екі элементі бойынша тікбұрышты үшбұрыштың бұрыштары мен қабырғаларын табу 8.1.3.7 тікбұрышты үшбұрыштың элементтерін табу үшін 30° , 45° , 60° - қа тең бұрыштардың синус, косинус, тангенс және котангенсінің мәндерін қолдану;
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы:</i> Тригонометриялық функциялардың анықтамаларын қолданады Тригонометриялық функциялардың мәндерін олардың біреуінің берілген мәні арқылы табады Берілген екі элементі бойынша тікбұрышты үшбұрыштың бұрыштары мен қабырғаларын табады Тікбұрышты үшбұрыштың элементтерін табу үшін 30° , 45° , 60° - қа тең бұрыштардың косинусының мәнін қолданады 30° , 45° , 60° - қа тең бұрыштардың синус, косинус, тангенс және котангенсінің мәндерін өрнектің мәнін табуда қолданады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	25 минут

Тапсырмалар

1	Сызба арқылы дұрыс қатынасты табыңыз:		
	$1) \sin \alpha = \frac{BC}{AB}$ $2) \cos \alpha = \frac{AC}{AB}$ $3) \operatorname{tg} \alpha = \frac{BC}{AC}$ $4) \operatorname{ctg} \alpha = \frac{AC}{BC}$		2 балл
2	Егер $\cos \alpha = 0,8$ болса, α бұрышы үшін $\sin \alpha$, $\operatorname{tg} \alpha$, табыңыз		3балл
3	Тікбұрышты үшбұрышта $\cos A = \frac{1}{2}$ болса, катеттері мен A бұрышының шамасын табыңыз		3 балл
4	Есептеңіз: А) $7 \cdot \sin 30^\circ + 11 \cdot \cos 60^\circ - \operatorname{tg} 45^\circ$		4балл

Баға қою


Бағалау критерийлері	№	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Тригонометриялық функциялардың анықтамаларын қолданады	№1	1- дұрыс жауап	1
		2-дұрыс жауап	1
Тригонометриялық функциялардың мәндерін олардың біреуінің берілген мәні арқылы табады	№2	негізгі тригонометриялық теңдікті қолданады	1
		$\sin \alpha$ -ны табады	1
		$\operatorname{tg} \alpha$ - ны табады	1
Берілген екі элементі бойынша тікбұрышты үшбұрыштың бұрыштары мен қабырғаларын табады	№3	сүйір бұрыштың косинусының анықтамасын қолданады	1
		катеттерін анықтайды	1
		A бұрышының шамасын табады	1
$30^\circ, 45^\circ, 60^\circ$ - қа тең бұрыштардың синус,		берілген бұрыштар бойынша:	1

косинус, тангенс және котангенсінің мәндерін өрнектің мәнін табуда қолданады	№4	синустың мәнін анықтайды	
		косинустың мәнін анықтайды	1
		тангенстің мәнін анықтайды	1
		өрнектің мәнін табады	1
Жалпы балл			12

3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Аудан» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Фигураның ауданы және оның қасиеттері Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары
Оқу мақсаты	8.1.3.10 тең шамалас және тең құрамдас фигуралардың анықтамаларын білу 8.1.3.11 параллелограмның, ромбтың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану 8.1.3.12 үшбұрыштың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану 8.1.3.13 трапецияның ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану
Бағалау критерийі	Білім алушы Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың ауданын табу туралы теоремаларды қолданады Параллелограмның ауданы формуласын қолданып оған тең шамалас шаршы қабырғасын табады Трапецияның ауданын есептер шығаруда қолданады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	25 минут
Тапсырмалар	

1	Мына тұжырымдардың қайсысы ақиқат, қайсысы жалған? Кестеде « » таңбасымен белгілеңіз: 2 балл													
	<table border="1"> <thead> <tr> <th>Тұжырым</th> <th>ақиқат</th> <th>жалған</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Аудандары тең фигуралар тең шамалас деп аталады</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Параллелограмның ауданы оның кез-келген қабырғасы мен биіктігінің көбейтіндісіне тең</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Тікбұрышты үшбұрыштың ауданы оның катеттерінің көбейтіндісінің жартысына тең</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Тұжырым	ақиқат	жалған	Аудандары тең фигуралар тең шамалас деп аталады			Параллелограмның ауданы оның кез-келген қабырғасы мен биіктігінің көбейтіндісіне тең			Тікбұрышты үшбұрыштың ауданы оның катеттерінің көбейтіндісінің жартысына тең			
	Тұжырым	ақиқат	жалған											
	Аудандары тең фигуралар тең шамалас деп аталады													
Параллелограмның ауданы оның кез-келген қабырғасы мен биіктігінің көбейтіндісіне тең														
Тікбұрышты үшбұрыштың ауданы оның катеттерінің көбейтіндісінің жартысына тең														
2	<p>$ABCD$ параллелограмның ауданымен тең шамалас шаршының қабырғасын табыңыз.</p> 	4 балл												
3	Теңбүйірлі трапецияның параллель қабырғаларының ұзындықтары 5см және 7см. Ауданын табыңыз.	5 балл												

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың ауданын табу туралы теоремаларды қолданады	№1	1-ші дұрыс тұжырымды табады	1
		2-ші дұрыс тұжырымды табады	1
Параллелограмның ауданы формуласын қолданып оған тең шамалас шаршы қабырғасын табады	№2	параллелограмм ауданын табады	1
		шаршының ауданын есептеу формуласын қолданады	1
		шаршының қабырғасын есептейді	1
	№3	сызбаны дұрыс сызады	1
		теңбүйірлі трапеция қасиеттерін қолданады	1

Трапецияның ауданының формуласын есептер шығаруда қолданады	табанындағы бөліктердің ұзындығын табады	1
	биіктігін есептейді	1
	трапеция ауданын табады	1
Жалпы балл		10

4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР
«Жазықтықтағы тікбұрышты координаталар жүйесі» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Жазықтықтағы координаталар әдісі. Мәтін есептерді шығару
Оқу мақсаты	8.1.3.14 жазықтықта координаталарымен берілген екі нүктенің арақашықтығын есептеу; 8.1.3.15 кесінді ортасының координаталарын табу; 8.1.3.16 кесіндіні берілген қатынаста бөлетін нүктенің координаталарын табу; 8.1.3.17 центрі (a, b), радиусы r болатын шеңбердің теңдеуін $(x - a)^2 + (y - b)^2 = r^2$ білу; 8.1.3.18 берілген теңдеуі бойынша шеңбер салу; 8.1.3.19 түзудің жалпы теңдеуін және берілген екі нүкте арқылы өтетін түзудің теңдеуін жазу: $ax + by + c = 0$, $\frac{x-x_1}{x_2-x_1} = \frac{y-y_1}{y_2-y_1}$ 8.1.3.20 координаталармен берілген қарапайым есептерді шығару
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы:</i> Центрі (a, b), радиусы r болатын шеңбердің теңдеуін табады Түзудің жалпы теңдеуін және берілген екі нүкте арқылы өтетін түзудің теңдеуін жазады Кесіндіні берілген қатынаста бөлетін нүктенің координаталарын табады Кесінді ортасының координаталарын табады және екі нүктенің арақашықтығын есептейді
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	25 минут

Тапсырмалар

1	Берілген $(x - 3)^2 + (y + 1)^2 = 9$ теңдеуі бойынша шеңбер центрінің (C) координаталарын және радиусын (R) табыңыз: 1) C (-3; -1), R = 3 2) C (-3; 1), R = 3 3) C (3; -1), R = 3	
---	--	--

	4) $C(3; -1)$, $R=9$	1 балл
2	Жазықтықтағы $A(1; 4)$ және $B(-3; 0)$ нүктелері арқылы өтетін түзудің теңдеуін жазыңыз	2 балл
3	Төбелері $M(3; 0)$ $N(4; 2)$ $K(2; 0)$ нүктелері болатын үшбұрыш берілген. ME – медиананың ұзындығын есептеңіз;	2балл
4	$A(-1; 1)$ және $B(2; 0)$ нүктелері берілген. AB кесіндісін $AK:KB=3:2$ қатынасында бөлетін $K(x; y)$ нүктесінің координаталарын табыңыз.	3 балл

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Центрі (a, b) , радиусы r болатын шеңбердің теңдеуін табады	№1	шеңбер теңдеуін дұрыс табады? Дұрыс жауапты таңдайды	1
Түзудің жалпы теңдеуін және берілген екі нүкте арқылы өтетін түзудің теңдеуін жазады	№2	екі нүкте арқылы өтетін түзудің теңдеуін қолданады	1
		берілген нүктелерден өтетін түзудің теңдеуін жазады	1
Кесінді ортасының координаталарын табады және екі нүктенің арақашықтықтығын есептейді	№3	кесінді ортасының координаталарын табады	1
		екі нүктенің арақашықтықтығын есептейді	1
Кесіндіні берілген қатынаста бөлетін нүктенің координаталарын табады	№4	кесіндіні берілген қатынаста бөлу формулаларын қолданады	1
		x -ті табады	1
		y -ті табады	1
Жалпы балл			8балл

Бөлім	Тексерілетін мақсат	Ойлау дағдыларының деңгейі	Тапсырма саны	№тапсырма	Тапсырма түрі	Орындау уақыты, мин	балл	Бөлім бойынша балл
Жазықтықтағы тікбұрышты координаталар жүйесі	8.1.3.14 жазықтықта координаталарымен берілген екі нүктенің арақашықтықтығын есептеу;	Қолдану	1	4	ТЖ	10	6	20
	8.1.3.15 кесінді ортасының координаталарын табу;	Қолдану						
	8.1.3.19 түзудің жалпы теңдеуін және берілген екі нүкте арқылы өтетін түзудің теңдеуін жазу: $ax + by + c = 0$, $\frac{x-x_1}{x_2-x_1} = \frac{y-y_1}{y_2-y_1}$	Қолдану						
	8.1.3.16 кесіндіні берілген қатынаста бөлетін нүктенің координаталарын табу;	Қолдану	1	1	ҚЖ	4	2	
	8.1.3.17 центрі (a, b), радиусы r болатын шеңбердің теңдеуін $(x - a)^2 + (y - b)^2 = r^2$ білу;	Білу және түсіну	1	2	ҚЖ	4	2	
	8.1.3.18 берілген теңдеуі бойынша шеңбер салу;	Қолдану	1	3	ТЖ	7	3	
	8.1.3.20 координаталармен берілген қарапайым есептерді шығару	Жоғары деңгей дағдылары	1	5	ТЖ	15	7	

Барлығы			5			40 минут	20	20
----------------	--	--	----------	--	--	---------------------	-----------	-----------

4-тоқсандағы жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамас


8 сынып « Геометрия » пәнінен 4-тоқсанға арналған
тапсырмалары

жиынтық бағалаудың

1	М(2; -3), N(-2;3) нүктелері берілген. К нүктесі MN кесіндісін М нүктесінен бастап, 3:1 қатынаста бөлетін болса, К нүктесінің координаталарын табыңыз	[2]
2	Центрі (2; 1) нүктесі болатын, радиусы 3-ке тең шеңбердің теңдеуін жазыңыз. E(2; 4) нүктесі шеңберге тиісті ме?	[2]
3	$(x+4)^2 + (y-3)^2 = 9$ және $(x-1)^2 + (y+2)^2 = 16$ теңдеулерімен берілген шеңберлерді салып, қалай орналасқандығын анықтаңыз	[3]
4	Егер $A(3; -2)$ $B(1; -4)$ $C(5; 0)$ болса, ABC үшбұрышының AC қабырғасына параллель орта сызығы арқылы өтетін түзудің теңдеуін жазыңыз	[6]
5	$A(-1; -1)$ $B(1; 1)$ $C(6; 1)$ $D(4; -1)$ нүктелері а) $ABCD$ параллелограмның төбелері болатынын дәлелдеңіз ә) диагоналдарының қиылысу нүктесінің координаталарын табыңыз.	[7]

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	$\lambda = \frac{3}{1} = 3$	1	$x = \frac{x_1 + \lambda x_2}{1 + \lambda};$ $y = \frac{y_1 + \lambda y_2}{1 + \lambda}$ кесіндіні берілген қатынаста бөлу
	$x_k = \frac{2 + 3 \cdot (-2)}{1 + 3} = -1$ $y_k = \frac{-3 + 3 \cdot 3}{1 + 3} = 1,5$ К (-1; 1,5)	1	
2	$(x - 2)^2 + (y - 1)^2 = 9$	1	
	$(2 - 2)^2 + (4 - 1)^2 = 9$		

	$E(2; 4)$ нүктесі шеңберге тиісті	1	
3	$(-4;3), R=3$ $(1;-2), R=4$	1	
		1	
	Шеңберлер қиылыспайды	1	
4	AB қабырғасының ортасын анықтайды $(2; -3)$	1	$\frac{x-x_1}{x_2-x_1} = \frac{y-y_1}{y_2-y_1}$
	BC қабырғасының ортасын анықтайды $(3; -2)$	1	
	$\frac{x-2}{3-2} = \frac{y-(-3)}{-2-(-3)}$	1	
	$\frac{x-2}{1} = \frac{y-(-3)}{1}$	1	
	$x - 2 = y + 3$	1	
	$x - y - 5 = 0$	1	
5	$ABCD$ параллелограмын сызады	1	
5а	$AB = CD = 2\sqrt{2}$	1	
	$BC = AD = 5$	1	
	$ABCD$ параллелограмм болады	1	
5ә	$x = \frac{-1 + 6}{2} = 2,5$	1	
	$y = \frac{-1 + 1}{2} = 0$	1	
	$O(2,5; 0)$	1	
	Барлығы :	20	

«Геометрия» бойынша №2

1. ТАӘ: Байтүреева Бибинур Абдигафаровна, еңбек өтілі: 13 жыл, санат: II, өңір: Шымкент қаласы №86 ЖОББМ мұғалімі.

2. С.С., 7-сынып

3. Мұғалімнің мақтау, мадақтау сөздерін және оқушылармен тығыз қарым-қатынаста болуды қажет етеді.

Күшті тұстары – ақкөңіл, мейірімді, еңбекқор, ізденімпаз, алдына қойған мақсатына жетуге ұмтылады.

Әлсіз тұстары – есте сақтау қабілеті төмен, есептер шығаруда мұғалімнің және сыныптастарының көмегін көбірек қажет етеді.

4. Мақтау, мадақтау, саралау жұмыстары.

5. Оқушының білім деңгейін, жас ерекшелігін және есеп шығару қабілетін ескеремін.

6. Деңгейлік тапсырмаларды әзірлеу. Әдіс –тісілдерді көбірек қолдану қажет.

7. Сабақтарда пайдаланған БЖБ және ТЖБ тапсырмалары оқушының білім деңгейін ескеру арқылы құрастырылды.


4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Шеңбер. Геометриялық салулар» бөлім бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Шеңбер, дөңгелек, олардың элементтері мен бөліктері Центрлік бұрыш Түзу мен шеңбердің өзара орналасуы. Екі шеңбердің өзара орналасуы Шеңберге жүргізілген жанама. Шеңберге жүргізілген жанамалардың қасиеттері Үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлер Салу есептері
Оқу мақсаты	7.1.1.30 шеңбер диаметрі мен хордасының перпендикулярлығы туралы теоремаларды дәлелдеу және қолдану; 7.1.2.13 есептер шығаруда шеңбер жанамасының қасиеттерін білу және қолдану; 7.1.2.18 берілген элементтері бойынша үшбұрыш салу
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> • Сызба бойынша шеңберге жүргізілген жанама мен қиюшыны анықтайды • Есеп шығаруда шеңбер диаметрі мен хордасының перпендикулярлығы туралы теореманы қолданады • Берілген элементтері бойынша үшбұрыш салады
Ойлау дағдыларының деңгейлері	Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

1 нұсқа

1. Қай суретте шеңберге жүргізілген қиюшы мен хорда бейнеленген?



1) A, B;

2) B, D;

3) A, C;

4) A, D.

2. Шеңбердің бойында А нүктесі берілген. Осы нүкте арқылы шеңберге қанша жанама жүргізуге болады?

3. Берілген екі қабырғасы және олардың арасындағы бұрышы бойынша үшбұрыш салыңыз: $AB=3\text{ см}$, $AC=5\text{ см}$, $\angle BAC = 50^\circ$.

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Сызба бойынша қиюшы мен хорданы анықтайды	1	Шеңберге жүргізілген қиюшының суретін анықтайды	1
		Шеңберге жүргізілген хорданың суретін анықтайды	1
Екі шеңбердің ортақ нүктелер санын табады	2	Шеңбер сызады.	1
		Шеңберге жанама сызады.	1
Берілген элементтері бойынша үшбұрыш салады	3	а түзуін сызады.	1
		Берілген кесінділерге тең кесінділер салады	1
		Берілген бұрышқа тең бұрыш салады	1
		Ізделінді үшбұрышты салады.	1
Жалпы балл			8

«Геометрия» пәнінен 4-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

1. Шеңберге сызылған жанаманың суретін анықтаңыз.




1) A; 2) B; 3) C; 4) D. [1]

• Центрі O нүктесі болатын шеңбердің радиусы 13 см. Осы шеңбердің диаметрін табыңыз.

[2]

2. KL – шеңбердің жанамасы. LOK үшбұрышының OL қабырғасының ұзындығын табыңыз.



[5]

4. Тең бүйірлі үшбұрыштың бір қабырғасы 15 см. Табаны одан екі есе үлкен. Осы үшбұрыштың периметрін табыңыз.

[6]

5. Салу есебі:

a) a , b және c қабырғалары бойынша үшбұрыш салыңыз.

b) салынған үшбұрышта үлкен қабырғаға түсірілген орта перпендикулярды салыңыз. [6]

Балл қою кестесі

№	Ж а у а п	Балл	Қосымша ақпарат
1	Суреттен шеңберге сызылған жанаманы табады.	1	
2	Шеңбер сызады	1	
	$D=13*2$	1	
3	$OK \perp KL$	1	
	$\square OLK \square 180 \square \square 90 \square \square 60 \square \square 30 \square$	1	
	Тікбұрышты үшбұрыштар теоремасын қолданады.	2	
	$OL \perp 12$	1	
4	Есептің шартына сәйкес үшбұрыш сызады.	1	
	Бүйір қабырғаларын анықтайды. $AB=BC=15\text{см}$	1	
	$15*2=30\text{см}$, табанын табады	1	
	Үшбұрыштың периметрін табу формуласын қолданады.	1	
	$P=15+15+30=60$	2	
5	Үшбұрыштар теңсіздігін қанағаттандыратындай үшбұрыш қабырғаларын таңдайды	1	
	Берілген кесінділерге тең кесінділерді дұрыс салады	1	
	Берілген қабырғалары бойынша үшбұрыш дұрыс салады	1	
	Салынған үшбұрышта үлкен қабырғаға түсірілген орта перпендикулярды дұрыс салады	1	
	Шешімін сауатты жазады.	2	
Жалпы балл		20	

1. ТАӘ: Нурпеисова Кунсулу Алимовна, еңбек өтілі: 19 жыл, санаты: жоғарғы, педагог – зерттеуші, өңір: Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Ә. Бөкейханов атындағы мектеп-лицейі

2. Е.К., 5-сынып

3. К. тапсырмаларды орындаған кезде өте мұқият, асықпай, баяу орындағанды жақсы көреді, тапсырмалардың суреттері анық, түстері ашық болуы тиіс, қысқа -нұсқа болған тапсырмаларды ұнатады. Өте ұқыпты, таза, мұқият орындауға тырысады. Көп көңіл бөлгенді ұнатпайды, білдіртпей көбірек сұрап отыру қажет. Егер берілген тапсырмаларда сөздері мен сөйлемдері көп болса, ол ұнатпайды, кейде ашпай, қарамай да қояды. К. топпен жұмыс жасағанды ұнатады. Сонымен қатар тез ұмытып қалады. Сабақта ешқандай кедергі келтірмейді, отырған жерінен қозғалмайды, тапсырмаларды мұқият орындау үшін көп уақыт кетіреді. Тапсырмаларды өте баяу орындайды, баяу қабылдайды, бірақ аяқтауға тырысады. Көп уақытты алады. Сондықтан Катяға қайта-қайта түрткі сұрақтарды қою қажет. Сабақтан кейін міндетті түрде жеке қалып, түсінбеген жерлерін қайтадан сұрап алады.

4. Ұстаз үшін ең маңызды мақсат - әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы – оқушыларға білім беру, тәрбиелеу барысында кеңінен қолданылып келген, оқушылардың білім сапасын көтеруге жағдай жасайтын, сабақты тиімді ұйымдастыруға, сабақ уақытын ұтымды пайдалануға, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға көп көмегін тигізетін әдіс – «Түрткі сұрақтарды» қолдана білу. Өз пәнінде сұрақ қоюды жиі қолданатынын, оқушылардың шапшаңдығын, белсенділігін, сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Тағы бір тиімді әдістердің бірі – «Эссе жазу». Эссе – жеке көзқарасты білдіретін шағын көлемдегі, еркін композициялық прозалық шығарма. Эссе жазудың нақты мақсаты:

- Белгілі мәселе бойынша өз пікірін айту және дәлелдеу;
- Сұрақ бойынша өзінің түсінігін, ойын айту;
- Оқырмандарды ақпараттандыру;
- Мәселені талқылау және шындықты табуға тырысу;
- Өзінің және оқырманның көңілін толтыру, рақатқа бөлеу;
- Көңіл-күйінді білдіру және оқырман көңілін аудару, эмоция туғызу;
- Іс-әрекетке түрткі болу.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін мына тиімді:

1. Сабақта АКТ-ны тиімді пайдалану;
2. Сабақты түрлендіріп өткізу;

3. Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, кестелер мен сызбаларды пайдалану;

4. Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыруда мынадай нәтижеге жеттім:

1. Өз бетімен оқуға, жұмыстануға дағдыланады.

2. Шығармашылық ізденіске жетелейді.
3. Өз ісіне деген сенім пайда болады.
4. Әр нәрсеге сын көзбен қарауға үйренеді.
5. Салыстыруға, қорытынды жасауға үйренеді.
6. Шығармашылдық белсенділік артады.

5. Өз тәжірибеме келетін болсам, схемалық сызбалар, суреттері бар тапсырмалардың пайдалы екенін түсіндім. Ауызша өз жауаптарын тұжырымдауда қиындық туғызатын тапсырмалар оқушылардың жұмысын айтарлықтай жеңілдетеді. Мысалы, егер оқушыларға табиғи экожүйені көрсетіңіз деп тест түрінде берсек А. бақша В. егістік алқабы С. орман D. қала деп, К. түсінбеуі мүмкін, оған бірінші жалпы экожүйенің анықтамасын, суретін беріп, соның ішінен табиғи экожүйені тап десек, ол онда орындап, қызығады.

Келесі маңызды қағида, менің ойымша, көптеген ойын әдістері мен формаларын қолдану болып табылады. Мысалы, тірі табиғат жүйесі бөлімдерінің суретін салуға, сызуға арналған тапсырмалар болуы мүмкін. Оқушылар мұндай тапсырмаларды ойын түрінде қабылдайды, оларды әрқашан қуанышпен қабылдайды. Осындай тапсырмаларды сабақтың соңында, оқу мүмкіндіктері таусылып қалғанда да нәтижелі орындайтындығын көрсетеді.

6. Келесі, оқу материалын аз мөлшерде беріп, оны біртіндеп қиындату маңызды екенін ескеремін. Сонымен бірге әр сабақтағы тапсырмаларды біртіндеп күрделендіру керек (бірінші қарапайым тапсырма беру керек, яғни қарапайымнан күрделіге, шиыршық әдісі арқылы). Оқушыларға оқулық көмегімен орындалуға ұсынылатын тапсырмалардың санын аздатып ұсыну өте маңызды. Сабақта түрлі-түсті дидактикалық материалдарды (оның ішінде жұмыс дәптеріндегі), көрнекі құралдар мен табиғи заттарды қолдану қажет екендігіне көзім жетті.

Өз тәжірибемнен К. жасалған бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларын ұсынамын.

Күні:

Сыныбы:

Аты-жөні:

«Экология және тұрақты даму бөлімі бойынша» жиынтық бағалау

5 сынып

I нұсқа

Тапсырмалары

1. Экожүйе жансыз табиғатта белгілі бір жағдайда өмір сүріп, онымен энергия алмасуға қатысатын тірі организмдер қоғамдастығы

а) Табиғи экожүйені көрсетіңіз.



A. бақша

B. егістік алқабы

C. орман

D. қала

Жауабы _____

2. а) Экожүйе түрлерін (көлемі бойынша) дұрыс мысалдарымен сәйкестендіріңіз.

- | | |
|-----------------------|----------------------|
| 1.Микроэкожүйе | А. дала, теңіз |
| 2.Мезоэкожүйе | В. жер ғаламшары |
| 3.Макроэкожүйе | С. құлаған ағаш діңі |
| 4.Ғаламдық деңгейдегі | Д. орман массиві |

экожүйе.

1 2 3 4

б) Берілген ағзалардың өндіруші, тұтынушы немесе ыдыратушы екенін анықтаңыз. Тиін, түймедақ, қасқыр, бактерия, қарағай, саңырауқұлақ.

Өндірушілер

Жасыл өсімдіктер

Тұтынушылар

Ыдыратушылар

3. а) Жанды табиғат патшалықтарын атаңыз.



1 _____ 2 _____ 3 _____ 4 _____

б) Саңырауқұлақтардың екі ерекше қасиеттерін жазыңыз:




Бағалау критерийі	Тапсырма	Дискриптор	Балл
		Білім алушы	
Экожүйе түрлерін анықтайды.	1 а	Экожүйе терминін анықтайды;	1
	1 б	Табиғи экожүйені көрсетеді;	1
Экожүйенің типтері мен компоненттерін анықтайды	2 а	Микроэкожүйені анықтайды;	1
		Мезоэкожүйені анықтайды;	1
		Макроэкожүйені анықтайды;	1
		Ғаламдық деңгейдегі экожүйені анықтайды.	1
	2 б	Өндірушілерді анықтайды;	1
		Тұтынушыларды анықтайды;	1
		Ыдыратушыларды анықтайды.	1
	3 а	Өсімдіктер патшалығын атайды;	1
		Жануарды патшалығын атайды;	1

Жанды табиғат патшалықтарын топтастырады		Бактерияны патшалығын атайды;	1
		Саңырауқұлақты патшалығын атайды;	1
	3 b	Осы патшалықтардың бірін сипаттайды.	1
Барлығы			14

5-СЫНЫП

«Жаратылыстану» пәнінен 4-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

1. i) Экожүйе компоненттері: өндірушілер, тұтынушылар мен ыдыратушыларды терминдерге сәйкестендіріңіз

1.Өндірушілер 	А) Консументтер
2.Тұтынушылар 	Ә) Редуценттер
3.Ыдыратушылар 	Б) Продуценттер

1 _____ 2 _____ 3 _____ [3]

- ii) Каспий теңізінің ластануының экологиялық 1 әсерін атаңыз.



[1]

2. i) Төмендегі суреттерде ҚР-ның Қызыл Кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктер берілген. Оларды атап өтіңіз.



1



2



3



4



5




6

1 _____ 2 _____ 3 _____

4 _____ 5 _____ 6 _____ [1]

ii) XX ғ. басында адамзат тарихына өзіндік үлесін қосқан, әрбір үйде дүниежүзінің әр қиырынан, сан алуан ақпарат жеткізіп және көтеріңкі көңіл күй сילהан ерекше қондырғының бірі _____ [1]

3. i) Сызбадағы экожүйелерді көлемі бойынша бөліңіз



[4]

ii) Табиғи және жасанды экожүйесінің айырмашылығын жіктеңіз

Шабындық

Егіс даласы

[2]

3. i) Кестедегі тірі ағзаларды қасиеті бойынша патшалыққа жікте

Тірі ағзалардың қасиеті**Патшалығы**

- 1 Ядросы жоқ және бір біржасушалы табиғатта 2,5 мың түрге жуық
- 2 Хлорофилі бар, жарықта органикалық заттарды түзеді, оттегін бөліп шығарады, 500 мың түрге жуық
- 3 Дайын органикалық заттармен қоректенеді. 2 млн түрге жуық.
- 4 Жануардың да, өсімдіктің де белгілері кездеседі. Дайын органикалық заттармен қоректенеді. Табиғатта 100 мың түрге жуық.

[4]

ii) Қазақстанның көптеген мәселелер арасындағы Арал теңізінің экологиялық өзекті, мәселесінің пайда болу жолдарын сипаттаңыз.

—

[1]

4. Болашақтағы адамзатқа қандай өнер табыстар мен ғылымның жетістіктерін ұсынар едіңіз?

— [1]

Балл қою кестесі

№	Жауабы	балл	Қосымша ақпарат
1	i) 1- Продуценттер	1	
	2- Консументтер	1	
	3- Редуценттер	1	
	ii) Мұнай	1	
2	i) 1- Киік	1	
	2- Қызғалтақ	1	
	5- Аққу	1	
	ii) Радио	1	
3	i) 1- Микроэкожүйе	1	
	2- Мезоэкожүйе	1	
	3- Макроэкожүйе	1	
	4- Ғаламдық деңгейдегі экожүйе	1	
	ii) Шабындық	1	Адамның араласуынсыз тіршілік етеді,
	-Табиғат қалыптастырған		
Егіс даласы		1	
	-Адам қалыптастырған		Адам өндейді
4	i) 1- Бактериялар	1	

2- Өсімдіктер	1	
3- Жануарлар	1	
4- Саңырауқұлақтар	1	
ii) -Арал теңізінің құрғап тұздануы(Сырдария, Амудария өзендерінің теңізге құятын суының мөлшері азайып кетуінен)	1	Суармалы егіншіліктің қарқынды дамуынан
5 -Ұшатын автомашина, Қызмет атқаратын роботтар, Аккумуляторлар ауа арқылы зарядттау.	1	Ми арқылы команда берілетін технология Ақылды және қауіпсіз қала.

«Жаратылыстану» пәні бойынша №2

1. ТАӘ: Серикбаева Шолпан Абдикапаровна, еңбек өтілі: 11 жыл 8ай, санаты: педагог сарапшы, өңір: Қарағанды облысы «Жезқазған қаласының білім бөлімінің №10 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

2. А., 5-сынып.

3. Оқушы толық отбасында тәрбиеленуде. Бұл оқушының қажеттілігін ескере отырып, бұл балаға үнемі сабақ барысында көңіл бөлуге тырысамын. Себебі оқушы үздік, үнемі сабаққа деген қызығушылығы байқалып отырады. Күшті жағы әрдайым сабаққа дайын, сұрақтарға жауап береді, тапсырмаларды орындайды, көңіл күйі бірқалыпты, бастысы үнемі ата-ананың мұғаліммен тығыз байланысы қуантады. Және бұл ерекше нәтижеге жеткізіп отыр.

4. Сабақта үнемі түрлі деңгейдегі тапсырмалар, түрлі формадағы жаттығулар, жаратылыстану сабағы болған соң үнемі тәжірибе жүргізіліп отырылады. Бұл зерттеушілік қабілеттерін шыңдайтыны анық. Көбінесе брейнсторминг, шағын зерттеу жұмысы, тәжірибені өздігінен сынып алдында жасауына мүмкіндік жасап, «жас тәжірибеші» әдісі т.б.

5. Жаратылыстану пәні бойынша БЖБ, ТЖБ жасағанда еш қиналмай оқу мақсатына, қолдану деңгейіне байланысты тапсырмаларды беруге болады. Себебі бұл оқушы үздік, алғыр, сабақты меңгергені үнемі байқалып отырады.

6. Қандай тәсіл болмасын, әдіс болмасын бәрі тиімді. Себебі әр сабақта әртүрлі тәсілдер, әдістер қолдану сабақтың қызықты өтуіне септігін тигізетіні анық. Қай тұста шыңдалу керек деген сұраққа оқушының көшбасшы қабілетін көрсетуге мүмкіндік беретін жағдайларды қарастыру қажет сияқты. Себебі оқушы жеке өзі топ басшысы болу функциясын атқармайды. Бұл қабілеттің өмірге қажет деп ойлаймын.

«Экология және тұрақты даму бөлімі бойынша» жиынтық бағалау 5 сынып

Тақырыбы	Экология және тұрақты даму
Оқу мақсаты	5.6.1.4 Табиғи және жасанды экожүйелерді салыстыру 5.6.1.1 Экожүйенің құрамдас бөліктерін анықтау 5.6.2.1 Ағзаларды тірі табиғат дүниелеріне жіктеу
Бағалау критерииі	-Экожүйе түрлерін анықтайды -Экожүйенің компоненттерін атайды - Ағзаларды тірі табиғат дүниесі бойынша топтастырады
ОДД	Білу және түсіну, қолдану
Уақыты	20минут
Тапсырма	

1. А)Берілген суреттерді экожүйе түрлеріне жіктеңіз:



Табиғи экожүйе

Жасанды экожүйе

Б) Табиғи экожүйе мен жасанды экожүйенің айырмашлығы қандай?

2. а) Экожүйе түрлерін (көлемі бойынша) дұрыс мысалдарымен сәйкестендіріңіз.

- | | |
|--------------------------------|----------------------|
| 1.Микроэкожүйе | А) дала, теңіз |
| 2.Мезоэкожүйе | В)Жер ғаламшары |
| 3.Макроэкожүйе | С) құлаған ағаш діңі |
| 4.Ғаламдық деңгейдегі экожүйе. | Д) орман массиві |

б)Суретте қарай отырып, берілген ағзалардың өндіруші, тұтынушы немесе ыдыратушы екенін анықтаңыз.



Өндірішілер

Тұтынушылар

Ыдыратушылар

4. а) Жанды табиғат патшалықтарын анықтап, мысал келтіріңіз

б) Осы патшалықтардың бірін сипаттаңыз.

Бағалау критерийі	Тапсырма	Дискриптор	Балл
		Білім алушы	
Экожүйе түрлерін анықтайды.	1 a	Кестеге суреттерді табиғи және жасанды экожүйе бойынша сәйкестендіреді	1
	1 b	Табиғи экожүйе мен жасанды экожүйенің айырмашылығын анықтайды	1
Экожүйенің типтері мен компоненттері н анықтайды	2 a	Микроэкожүйені анықтайды	1
		Мезоэкожүйені анықтайды	1
		Макроэкожүйені анықтайды	1
		Ғаламдық деңгейдегі экожүйені анықтайды	1
	2 b	Өндірушілерді анықтайды	1
		Тұтынушыларды анықтайды	1
Жанды табиғат патшалықтары н топтастырады	3 a	Жанды табиғат патшалығын анықтап, мысал келтіреді	1
		Жанды табиғат патшалығын анықтап, мысал келтіреді	1
		Жанды табиғат патшалығын анықтап, мысал келтіреді	1
		Жанды табиғат патшалығын анықтап, мысал келтіреді	1
	3 b	Осы патшалықтардың бірін сипаттайды.	1
Барлығы			14

«Жаратылыстану» пәні бойынша №3

1. ТАӘ: Сансызбаева Жанар Абылгазықызы, еңбек өтілі: 24 жыл, санаты: педагог-зерттеуші, өңір: ШҚО Семей қаласы, «№4 ЖООБММ» КММ.

2. И.А.,7-сынып.

3. И.А. қабылдауы баяу, теориялық есте сақтауы нашар, жазуы өте баяу; Көрген нәрсені, тәжірибені есте жақсы сақтайды. АКТ қолданғанды ұнатады. Тарихты, жануарлар дүниесі туралы айтқанды жақсы көреді.

4. Үнемі ынталандыру мақсатында сабаққа қатысты болсын, болмасын қызықты деректер келтіремін. Ол баламен сөйлесемін. Өз пікірін сұрап, содан үйренгендей.

5. БЖБ, ГЖБ кезінде көбінесе бірге отырып жасауға көмектесемін. Кей жағдайда ауызша сұрауға тура келеді. Себебі: жазғанда өте баяу. Суреттер бойынша сұрақтар қоюға тырысамын.

6. Оқушыға зерттеу жұмыстарын көбірек беріп, қорытынды жасатып үйрету тиімді. Сабақтарда видео сабақтарды яғни неғұрлым АКТ қолдану дұрыс деп ойлаймын. Түрлі ойындар, сайыс түрінде өткізгенде оқушы көңіл күйі көтеріліп, тапсырманы жақсы орындайды.

7. АКТ-жақсы көретіндіктен 1 тапсырмада видео қолдандым

7 сынып. 1 тоқсан
«Экожүйелер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты

7.3.1.1 Жергілікті жер экожүйесі қоршаған орта факторларының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті мен таралуын зерттеу.

7.3.1.3 Қоректік тізбектер және қоректік торларды құрастыру.

Ойлау дағдыларының төменгі деңгей дағдылары деңгейі

Бағалау критерийлері. Білім алушы

1. Жергілікті жер экожүйесі қоршаған орта факторларының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті мен таралуын анықтайды.

2. Табиғи қоректік тізбектерді ажыратады, құрайды

Орындау уақыты: 20 минут

1 тапсырма

https://www.youtube.com/watch?v=58rctRL_2g0

